

# ЛЕНИН ТУЫ

КАЗАҚСТАН КП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 155 (9732)

1955 жылғы 6 август

Сенбі

Шығуына 36 жыл. жеке саны 20 тыйын.

## БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ССРО Жоғарғы Советінің үшінші сессиясы (1-бет).

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы (1-бет).

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумында (1-бет).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: Ф. Белов.— Партиялық саяси жұмыс— өндірістік табысқа жетудің кепілі. Б. Нәрімбаев.— Біздің бөлімшенің жұмысы.

В. Грязев.—Қарт лектор (2-бет).

Х. Рахматуллин.—Сталин атындағы колхозда (2-бет).

Колхоздарда финанс тәртібі қатаң сақталсын (2-бет).

В. Ыбраев.— Партияның XX съезі құрметіндегі жарыста (2-бет).

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРА БЕРЕЙІК: В. Лизун.— Облыста бірінші орында. В. Саютина.—10

айда әр сыйырдан 2000 литр сүт (3-бет).

В. Гмызин.—Қой өсірушілердің маңызды міндеттері (3-бет).

Қ. Шұңғұлшин.—Мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысы нашар (3-бет).

П. Никитов.—Югославияда өнеркәсіптің өркендеу табыстары (4-бет).

Жастар мен студенттердің Бүкіл дүниежүзілік V фестивалінде (4-бет). Шетел хабарлары (4-бет).

## ПАРТИЯ ОҚУЫ ЖҮЙЕСİNДЕГІ ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ӨЗІРЛЕНЕЙІК

Облысымызда партия оқуы жүйесіндегі өткен оқу жылының бұрынғы жылдарға қарағанда елеулі ерекшелігі болды. Негізгі ерекшелік сол, СОКП Орталық Комитетінің нұсқаулары негізінде еріктілік принципі жүзеге асыру жөнінде бірқатар жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, коммунистердің еркі мен тілектерін есепке алмай құрылған өмірге бейімсіз үйірмелер мен саяси мектептер таратылды. Мұның едәуір жақсы жақтары да болды. Мәселен, таратылған үйірмелер мен саяси мектептердің насихатшылары есебінен партия насихатшыларының қатарын толықтыруға, сөйтіп үйірмелер мен саяси мектептердің жетекшілерін, лекторлар мен консультанттарды неғұрлым дұрыс іріктеп алуға мүмкіндік туды. Сондай-ақ коммунистердің едәуір бөлігі өздерінің тілектеріне сай, марксизм-ленинизмді өздігінен үйренуді жүзеге асыратын болды.

Бұл мүмкіндіктерді бірқатар аудан партия ұйымдары дұрыс пайдаланды да. Қонохов ауданында партия оқуы ойғадай ұйымдастырылды. Өздерінің саяси білім дәрежелерін үйірмелер мен саяси мектептерде және өздігінен оқып арттырушы коммунистерге тыңғылықты көмек көрсетілді. Мұнда насихатшылардың семинарлары үнемі жұмыс істеп отырды. Ал марксизм-ленинизм теориясы өздігінен үйренушілер үшін екі рет теориялық пікір алысу өткізіліп, 66 лекция және 108 консультация ұйымдастырылды.

Партия оқуының жақсаруымен бірге өткен оқу жылында коммунистердің оқуын ұйымдастыру ісінде кейбір кемшіліктерге жол берілді. Кейбір партия ұйымдары еріктілік принципі дұрыс түсінілмеді. Соның салдарынан бірқатар жерлерде түрлі сылтаулармен кейбір коммунистер партия оқуынан мүлде босатылды. Сондай-ақ коммунистердің саяси оқуы кейбір партия ұйымдарында техниканы, техминимумды үйренумен ауыстырылды. Мәселен, Булаев ауданындағы Қарағанды совхозындағы істің жайы дәл

жесін арттыруға, марксизм-лениндік теорияны меңгеруге міндетті.

Еріктілік принципі осы тұрғыда басшылыққа ала отырып, жергілікті партия ұйымдары коммунистердің оқуын ұйымдастыру ісіне, партия оқуы жүйесін орналастыруға зор ұқыптылықпен, байсалдылықпен қарайтын болуы керек. Егер коммунистердің саяси білім дәрежесі төмен, жалпы білімі бастауыш класстық қана болатын болса, онда мұндай коммунистерге саяси оқудың олар үшін ең қолайлы формасы — саяси мектептерде оқуды ұсыну қажет. Сонымен бірге коммунистің өзі тілек еткен жағдайда мұғалімдерді пайдалану арқылы оның жалпы білімін арттыруға жағдай туғызылған дұрыс.

Партия оқуының ең негізгі формаларының бірі марксизм-лениндік теорияны өздігінен үйрену болып табылады. Сондықтан да біздің коммунистердің басым көпшілігі саяси оқудың осы формасын таңдап алғанды дұрыс көреді. Бұл, әрине, қуанарлық жағдай. Бірақ жергілікті партия ұйымдары, кей жағдайда өткен оқу жылында орын алғандай, коммунистерді өздігінен үйренушілер тізіміне талғаусыз тіркей беруден әуестенбейтін болуы керек. Егер коммунистің өздігінен үйренуге жалпы білім және саяси даярлығы сәйкес келмесе, онда оған еріктілік принципі түсіндіре келіп, ол үшін саяси оқудың қайсы бір басқа формасы қолайлы екендігін айту керек. Қысқасы, партия оқуы жүйесін орналастыруда әрбір коммуниспен жеке-жеке ойға өткізіп, олардың саяси оқу формаларын дұрыс таңдап алуларына көмектесу қажет.

Партия оқуының табысты болуы ең алдымен насихатшыға байланысты екендігі мәлім. Олай болса насихатшыларды, марксизм-ленинизмді өздігінен үйренушілерге жанды көмек берушілер болып табылатын лекторлар мен консультанттарды осы бастан іріктеу керек. Үйірмелер мен саяси мектептердің насихатшылығына, лекторлық және консультанттық жұ-

## ССРО Жоғарғы Советінің үшінші сессиясы

4 августа, Кремльдің Үлкен Сарайында төртінші сайланған ССРО Жоғарғы Советінің үшінші сессиясы өзінің жұмысын бастады.

ССРО Жоғарғы Советінің депутаттары июльдің 18-нен 23-не дейін Женевада болып өткен төрт держава Үкметтері Басшылары Кеңесінің нәтижелері туралы Совет Үкмет делегациясының баяндамасын тыңдап, талқылау үшін осында жыйналды.

Сессияның ашылуына көптеген қонақтар — жұмысшылар мен қызметшілер, мәдениет пен ғылым қайраткерлері, Совет Армиясының жауынгерлері, қоғамдық қайраткерлер қатысты.

Ложаларда — дипломатиялық корпус-тың мүшелері, совет және шетел баспасөздерінің өкілдері.

Күндізгі сағат 3. Президиум столынан Одақ Советінің Председателі А. П. Волков, Ұлттар Советінің Председателі В. Т. Лацис, Одақ Советі Председателінің орынбасарлары Н. Т. Кальченко, А. А. Лебедев, В. П. Мжаванадзе, З. С. Омарова, Ұлттар Советі Председателінің орынбасарлары Н. Е. Авхимович, П. Т. Комаров, М. М. Султанова, П. Г. Тычина орын алды.

Ложаларда — ССРО Жоғарғы Советі Президиумының мүшелері, министрлер. Югославия Парламент делегациясының мүшелері де осы жерден орын алды.

Депутаттар мен қонақтар Н. А. Булганин, К. Е. Ворошилов, Л. М. Каганович, А. И. Кириченко, Г. М. Маленков, А. И. Микоян, В. М. Молотов, М. Г. Первухин, М. А. Сусллов, Н. С. Хрущев, А. Б. Аристов, Н. И. Беляев, П. Н. Поспелов, Д. Т. Шепилов жолдастарды орындарынан тұрып көпке дейін созылған ду қолшалақтаумен қарсы алды.

Одақ Советі мен Ұлттар Советінің біріккен мәжлісінде председателдік етуші Одақ Советінің Председателі депутат А. П. Волков ССРО Жоғарғы Советінің үшінші сессиясы ашылды деп жариялады. Ол ССРО Жоғарғы Советінің шақыруы бойынша Совет Одағына келген Югославия Фе-

дерациялық Халық Республикасының Одақтық Халық Скупщинасының делегациясы мәжліске қатысып отыр деп хабарлады. Делегацияны Хорватия Халық Республикасы Соборының председателі Владимир Бакарнич бастап келді.

—Елімізге келген қымбатты қонақтарды, — деді А. П. Волков, — сіздердің атыңыздан құттықтауға рұқсат етіңіздер.

Депутаттар мен қонақтар бұл сөздерді ұзақ қолшалақтап қарсы алды.

Председателдік етуші былай деп хабарлады: ССРО Министрлер Советі ССРО Жоғарғы Советіне төрт держава Үкметтері Басшыларының Женева Кеңесінің қорытындылары туралы Совет Одағы Үкмет делегациясының баяндамасын тапсырды және кеңестің қорытындылары туралы мәселені сессияның күн тәртібіне енгізуді ұсынды. Депутат К. Т. Мазуров Одақ Советі мен Ұлттар Советі Старейшиналар Советінің тапсыруы бойынша бұл ұсынысты қуаттады. Ол баяндаманы Одақ Советі мен Ұлттар Советінің 4 августағы біріккен мәжлісінде тыңдауды, ал баяндаманы талқылауды екі палатаның біріккен мәжлісінде 5 августа таңертең бастауды ұсынды.

Сессияның күн тәртібі мен жұмыс тәртібі бірауыздан қабылданды.

Сөз төрт держава Үкметтері Басшыларының Женева Кеңесінің қорытындылары туралы баяндама жасау үшін ССРО Министрлер Советінің Председателі Н. А. Булганинге берілді. Залда қатысушылар орындарынан тұрып, Н. А. Булганин жолдасқа ду овация жасады.

Сессияға қатысушылар Совет Үкметі Басшысының баяндамасын зор көңіл қойып тыңдады, ол баяндамасында Женева Кеңесінің қарсаңында қалыптасқан халықаралық жағдайды сыйпаттады, халықаралық шиеленісті белгілі түрде бәсеңдетуге жеткізген және сөйтіп Женевада кеңес өткізу үшін қолайлы жағдайлар туғызылған факторларды көрсетті. Н. А. Булганин Женева Кеңесінің барлық

туралы және ісіуі жеткен халықаралық проблемаларды келісіп шешу, бүкіл дүниежүзінде баянды бейбітшілікті қамтамасыз ету мақсатымен Совет Үкметінің осы кеңесте енгізген ұсыныстары туралы толық баяндады.

Женева Кеңесінің қорытындыларын сыйпаттай келіп, Н. А. Булганин бұл кеңес бейбітшілік ісі үшін жақсы нәтижелер берді деп көрсетті.

—Бірақ, — деді ол, — біз реттелмеген халықаралық проблемаларды шешу жолдарын әлі де іздестіруіміз керек және осы тұрғыдан алып қарағанда төрт державаның Сыртқы істер министрлерінің октябрьде болатын кеңесінің зор маңызы бар.

Совет Үкметінің Басшысы егер Сыртқы істер министрлерінің алда болатын кеңесіне қатысушылардың бәрінің тарапынан үкмет Басшыларының кездесуінде үстем болған жағдайды сыйпаттайтын ынтымақтасуға және келісімге жетуге ұмтылған талап көрсетілсе, онда төрт державаның Сыртқы істер министрлері шешілмеген халықаралық проблемаларды реттеу ісінде табысқа жете алады деген сенім білдірді. Совет Үкметі төрт державаның Сыртқы істер министрлері алда болатын кездесуде олардың алдына қойылған міндеттерді ойғадай шешуі үшін өз тарапынан барлық күшін жұмсайды.

Н. А. Булганин қорытындысында былай деп мәлімдеді: Совет Үкметі халықаралық жағдайдағы шиеленісті онан әрі бәсеңдетуге бағытталған саясатты бұдан былай да айнымастан жүргізе береді, бүкіл дүние жүзінде баянды бейбітшілік жолында күрес береді.

Совет халқының қалаулылары — ССРО Жоғарғы Советінің депутаттары және сессияға қатысып отырған көптеген қонақтар Совет Үкметі Басшысының баяндамасын өздерінің мақұлдайтынын ұзаққа созылған ду қолшалақтаумен білдірді.

Сессияның келесі мәжлісі 5 августа, таңертеңгі сағат онда болады.

## Комсомолдық құрылыста

Алматыда құрастырмалы темірбетон конструкциялар мен бөлшектер шығаратын республикадағы ең үлкен завод салынып жатыр. Оның алғашқы кезегі — 6 мың текшеметр өнім беретін полигон Тасталк поселкесінің ауданында 30 гектардан аса жерде салынуда. Мұнда құрылысшы комсомолецтер келгеннен бері небәрі бір апта өтті. Соның өзінде де көп нәрсе істелді. Арматура мастерскойының құрылысы аяқталуға жақын, котельныйдың және бетон торабының кірпіш қабырғалары көтеріліп келеді.

Украинадан келген Иван Микитеннің комсомолецтерден құралған кірпіш қалаушылар бригадасы тапсырманы күн сайын 140—160 процент орындайды. Нұсқаушы П. Игнатенко басқарған жас балташылар адал еңбек етуде. Опалубка мастерскойының іргетасы бетондалып, бу камералары салынуда, полигон болатын жер тегістелуде. Құрылыс комсомолдық деп жарияланды. Оның коллективі 15 августқа дейін алғашқы полигонның құрылысын аяқтап, өнім шығара бастауға міндеттенді.

Мұнымен қатар 18 мың текшеметр өнім беретін полигон — кәсіпорынның екінші кезегін салу жөнінде экскаваторлық жұмыстар басталды. Завод жылына 74 мың текшеметр құрастырмалы темірбетон беретін болады. Ол Алматының құрылыстарын іргетасқа және қабырғаға қаланытын блок тәрмен, үй қабаттары арасын бөлетін панелдермен, табалдырық баспалдақтармен, бетоннан, пенобетоннан жасалған басқа да бөлшектермен жабықтайтын болады. Завод жанында клубы, жатақханалары, асханасы, магазиндері болатын көрікті жұмысшылар поселкесі өсіп келеді. Заводтың құрылысына 40 миллион сом қаржы бөлінді.

(ҚазТАГ).

## Орал бойы байланысшыларының бастамасы

ОРАЛ, (ҚазТАГ). Орал бойының жеңіл далаларының ұшы қыбырына жез жетпейді. Оралда жүздеген километр жерде өңеткен аудан орталықтары, ондаған



Партия мүшелері мен кандидаттарының саяси оқуын ұйымдастырудағы ірі кемшіліктің бірі сол, өткен оқу жылында бірқатар коммунистер өздігінен үйренушілер тізімінде саналғанымен іс жүзінде өздерінің саяси білім дәрежелерін арттыру жөнінде ешқандай да жұмыс істемеді. Мұнда да сол еріктілік принципі теріс түсінілді. Қаланың бірқатар партия ұйымдарында, Октябрь, Приешім, Петропавл аудандарында жергілікті партия ұйымдары марксизм-ленинизмді өздігінен үйренуші коммунистердің оқуына бақылау жасамақ түгіл, нақтылы көмек те ұйымдастыра алмады.

Партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылының басталуына көп уақыт қалған жоқ. Олай болса жергілікті партия ұйымдарының міндеті өткен оқу жылында орын алған кемшіліктерден дұрыс қорытынды шығарып, олардың алдағы оқу жылында қайталанбау шараларын қарастыратын болулары керек. Коммунистердің оқуы — нақандылықты көтермейтін іс.

Жаңа оқу жылында СОКП Орталық Комитетінің талаптарына сәйкес еріктілік принципі қатаң басшылыққа алу керек. Еріктілік принципінің мәнісі неде? Еріктілік принципі коммунистерді партия оқуынан тіпті де босатпайды. Өйткені бұлай болмаған күнде мұның өзі партияның Уставын өрескел бұрмалағандық болып табылар еді. Еріктілік принципінің терең мәнісі сол, коммунистер саяси оқудың өздерінің жалпы білім және саяси даярлықтарына сәйкес келетін формаларын таңдап алуға, яғни, бірақ ол өзінің идеялық-теориялық дәре-

шеберлігі жеткілікті жолдастарды қамту қажет. Өткен оқу жылында кей жерлерде бастауын кластық қана білімдері бар жолдастар насихатшы болып істеді. Келесі оқу жылында мұндай кемшіліктерден үзді-ді-кесілді арылу қажет болады.

Насихатшыларды іріктен алумен жұмыс бітпейді. Оларды үздіксіз тәрбиелеп, методикалық шеберліктерін тынбастан арттырып отырулары үшін тыңғылықты көмек ұйымдастырылуға тиіс. Бұл салада насихатшылардың семинарлары зор роль атқарады. Насихатшылармен жұмыс істеуде өткен оқу жылында болған бір кемшілік, олардың семинарлары көптеген аудандарда мүлде сирек, небары екі-үш рет ғана өткізілді. Партия оқуының өмірмен, коммунистік құрылыстың практикасымен тығыз байланысты болуын қамтамасыз ету үшін партия ұйымдары, әсіресе аудандық партия комитеттері насихатшыларды жергілікті фактілермен, кәсіпорын, аудан, колхоз, совхоз және МТС алдында тұрған шаруашылық-саяси міндеттермен таныстырып отырулары керек.

Партия оқуының жаңа оқу жылында идеялық жоғары дәрежеде өтуі үшін партия ұйымдарының нақтылы басшылығы қажет болады. Жаңа оқу жылына әзірліктің ауылшаруашылық жұмыстарындағы аса бір маусымды кезең — егін жыйнаумен қарбалас келуіне қарамастан, партия ұйымдары облыс еңбекшілерін СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының қарарларын ойдағыдай орындауға жұмылдыра отырып, партия оқуы жүйесіндегі жаңа оқу жылына ойдағыдай әзірленуді қамтамасыз етулері керек.

## Самолеттердің бас конструкторы А. И. Микоян жолдасты Ленин орденімен наградау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Самолеттердің бас конструкторы А. И. Микоян жолдастың туғанына 50 жыл толуымен байланысты және жаңа авиация техникасын жасау ісінде оның сіңірген еңбегін атап көрсетіп, Артем Иванович Микоян Ленин орденімен наградаласын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **К. ВОРОШИЛОВ.**

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Н. ПЕГОВ.**

Москва, Кремль  
4 август, 1955 жыл.

## К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының екінші томы

К. Маркс пен Ф. Энгельс Шығармаларының СОКП Орталық Комитетінің жанындағы Маркс-Энгельс-Ленин-Сталин институты әзірлеп, Мемлекеттік саяси әдебиет баспасы басып шығарған екінші басылуының екінші томы жарыққа шыққан.

Томда 1844 жылғы септябрьден 1846 жылғы февральға дейінгі дәуір қамтылған. К. Маркс пен Ф. Энгельстің алғаш рет бірлесіп жазған «Өзліе семья немесе сыншыл сынды сынау» деген шығармасымен ашылған, бұл шығармада диалек-

тикалық және тарихи материализмнің бірқатар қағыйдалары баяндалған. Томға мұнымен бірге Ф. Энгельстің «Англиядағы жұмысшы табының халі» деген еңбегі енгізілген, Ленин бұл еңбекті дүниежүзілік социалистік әдебиеттің таңдаулы шығармаларының қатарына жатқызды, сонымен бірге бұған Энгельстің сөздері мен мақалалары енгізілген. Екінші томда енгізілген еңбектер ғылыми коммунизмнің қалыптасу процесіндегі маңызды кезеңді бейнелейді.

## Шахтер қалалары мен поселкелерін көркейтеу

ССРО Көмір өнеркәсіп министрлігі Донецк бассейнінің кеншілеріне арналған мәдени-тұрмыс үйлерінің құрылысын ұлғайтуда. Мұнда үстіміздегі жылдың жоспарына қосымша 150-ден аса мәдениет сарайлары, клубтар, мектептер, магазиндер, балалар бақтары мен яслилері салынады.

Красный луч, Кременная, Ирмино қалаларында, Ханженково (Сталин облысы), Никанор (Ворошиловград облысы) және басқа поселкелерде ауруханалар мен по-

ликлиникалар салынады. Оларға арналып, көптеген әртүрлі медициналық жабдықтар бөлінді. Донбаста жаңа емдеу мекемелерінде жұмыс істеу үшін қосымша 600 дәрігер жіберіледі.

Шахтер қалаларын, поселкелерін газдандыру жөніндегі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Сталино қаласының Куйбышев, Киров аудандарында, сонымен бірге Горловка, Краснодон, Ровеньки, Шахты, Ново-

шахтинск қалаларында газопровод жүргізіледі.

Жаңа тас жолдар, трамвай, троллейбус және автобус жолдарын салуға әзірлік жұмысы басталды. Бұл жолдардың жалпы ұзындығы 900 километр шамасында болады.

Донецк кеншілерінің қалалары мен поселкелерін көркейтеу быйылғы жылы қосымша жүз миллион сомнан аса қаржы жұмсалады.

(ТАСС).

## Тың жерлер игеретін аудандардағы жаңа құрылыстар үшін

ССРО Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрлігінің көптеген кәсіпорындары өздерінің өнімдерін тың және тыңайған жерлер игеретін аудандарда жүзеге асырылып жатқан тұрғын үй, мәдени-тұрмыс және ауыл шаруашылығы құрылыстарына жөнелтуде.

Үстіміздегі жылдың алғашқы 6 айы

ішінде цемент заводтары Қазақстанға, Алтай өлкесіне, Батыс Сибирьге және басқа аудандарға әртүрлі маркалы 297 мың тонна цемент жөнелтті. Оның едәуір бөлігі жаңа тас жолдар, құрастырмалы темір бетон конструкциялары мен бөлшектер өндіру жөніндегі полигондар салу үшін арналады.

Тың жерлер игеретін аудандардың құрылыстары сол сияқты 700 мың шаршы метрден астам терезе шынысын, 50 миллион шпата шифер, 10 миллион шаршы метр үй төбелерін жабатын жұмсақ материалдар және басқа да көптеген заттар алды.

(ТАСС).

## Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумында

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы еңбекшілер депутаттары жаңа Семей аудандық Советі атқару комитетінің председателі В. К. Цикуновтың аудандық Советтің сессияларын әзірлеу практикасы туралы баяндамасын тыңдады. Аудандық Советтің жұмысындағы елеулі кемшіліктер атап көрсетілді. Атқару комитетінің және тұрақты комиссиялардың жұмысы туралы мәселелер сессиялардың талқылауына қойылмаған. Соңғы үш жылда атқару комитеті мен тұрақты комиссиялар аудандық Советтің алдында бірде-бір есеп бермеген.

Аудандық Советтің атқару комитеті сессияның талқылауына ұсынылған мәселелерді әзірлеуге депутаттарды тартпаған. Тұрақты комиссиялардың председателдері мен мүшелерінің сессияда қосымша баяндама жасауына жетісе алмаған. Атқару комитет депутаттардың сессияға түгелдей келуін қамтамасыз етпеген, мәселелерді талқылауға олардың белсенді қатысуы үшін жағдай туғызбаған. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы мыналарды атап көрсетті: Жаңа Семей аудандық Советінің сессияларында ауданның ауыл шаруашылығын өркендету, колхоздарда еңбек ұйымдастыру, сауданы, халыққа медициналық қызмет етуді және мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысын жақсарту мәселелері сирек талқыланған. Аудандық Советтің қарарлары орындаушыларға дер-кесінде жеткізілмеген, бұл қарарларды жүзеге асыру жөніндегі ұйымдастыру

жұмысы қанағаттанғысыз жүргізілген. Тексеру жоқ болғандықтан аудандық Советтің көптеген қарарлары орындалмай қалған.

1954 жылы ауданның бірде-бір селолық, ауылдық Советі сессияларын конституцияда белгіленген мерзімде өткізуді қамтамасыз етпеген. Мұның себебі аудандық Советтің атқару комитеті және оның председателі Цикунов жолдас Советтің ұйымдастыру-бұқаралық жұмысының мұндай өте маңызды формасын жете бағаламаған, ал Семей облыстық атқару комитеті облыстағы Советтердің төменгі органдарына қанағаттанғысыз басшылық еткен.

Республика Жоғарғы Советінің Президиумы Жаңа Семей аудандық Советінің атқару комитетіне осында атап көрсетілген кемшіліктерді жоюды және аудандық, селолық, ауылдық Советтердің сессияларын мерзімінде өткізуді, сессиялардың талқылауына өте маңызды шаруашылық және мәдени құрылыс мәселелерін қоюды қамтамасыз етуді міндеттеді; сессиялардың қарауына ұсынылған мәселелерді әзірлеу жақсартылып, бұл істе депутаттар, тұрақты комиссиялар және совет активі кеңінен тартылып; атқару комитеттер мен тұрақты комиссиялардың жұмысы туралы есептері сессиялардың талқылауына ұдайы қойылып, депутаттардың ұсыныстарын жүзеге асыруға шаралар қолданылсын.

Жаңа Семей аудандық Советіне партия және совет органдарының директи-

валарын, сол сияқты оның өзінің қарарларын орындауды қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдастыру жұмысын күшейтуге шаралар қолдану міндеттелді; депутаттардың өз жұмысы туралы және Совет жұмысы туралы сайлаушылар арасында ұдайы есеп берулерін қамтамасыз етіп, депутаттардың шаруашылық және мәдениет құрылысының барлық салаларындағы жауапкершілігі арттырылсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы Семей облыстық атқару комитетінен және еңбекшілер депутаттарының Жаңа Семей аудандық комитетінің атқару комитетінен селолық, ауылдық Советтерге басшылығын күшейтуді, селолық, ауылдық Советтердің жұмысының жайы туралы, олардың атқару комитеттерін үнемі тексеріп, есептерін тыңдауды, селолық, ауылдық, Советтерге сессияларын өткізуде, тұрақты комиссиялардың жұмыстарын ұйымдастыруда практикалық көмек көрсетуді талап етті; селолық, ауылдық Советтердің атқару комитеттерінің председателдері мен секретарларының совет жұмысы мәселелері жөнінде аудандық семинарлар, сол сияқты жұмыс тәжірибесін алмастыру жөніндегі кеңестер ұдайы өткізілетін болсын.

Семей облыстық атқару комитетіне аудандық, селолық және ауылдық Советтерге басшылығын жақсартып, облыс еңбекшілерін СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумы қойған міндеттерді орындауға жұмылдыруға жету ұсынылды.

усалдаулары орналасқан. Бұлардың бір-бірінен өте қашық екеніне қарамастан барлық аудан орталықтары облыстық газеттерді шыққан күні алады. Оларды арнаулы автомашиналар мен азаматтық авиацияның самолеттері жеткізеді. Ең алыс селолар мен ауылдар елдің көптеген қалаларымен радио және телефон арқылы тікелей байланыс жасайды.

Оралда байланыс қызметкерлерінің облыстық кеңесі болды. СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының қаулысын талқылап, олар жыл аяғына дейін тың жерде ұйымдастырылған 13 жаңа астық совхозының бәрін телефондандыруды, 15 октябрьден бастап байланыс құралдарын қысқы жағдайдағы жұмысқа әзірлеуді толығынан аяқтауға ұйғарды. Орал бойының байланысшылары Қазақстанның барлық байланыс қызметкерлеріне үндеу жазып, оларды партияның XX съезін лайықты табыстармен қарсы алу жолындағы жарысты өрістетуге шақырды.

## Алматы машина жасаушыларының жаңа міндеттемелері

Алматының ауыр машиналар жасайтын заводу жеті айдың өндірістік жоспарын асыра орындады. Еліміздің кабель заводтары ондаған сүйретілеу стандартын алды. Июльде машиналардың алюмин сым жасауға арналған жаңа типін шығару меңгерілді. Алғашқы осындай стан Қытайға жөнелтілді. Украина мен Уралдың металлургия заводтары көптеген домна және прокат жабдығын алды.

СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумы қарарларына жауап ретінде заводтың коллективі социалистік жаңа міндеттемелер алды. Жылдық жоспарды мерзімінен бұрын — 15 декабрьге дейін орындау ұйғарылды. Негізгі өнім өндірісіндегі еңбектің көп керек етілуін 5 процент кеміту белгіленді. Технологиялық процесстерді жетілдіруге зор көңіл бөлінеді. Шоғын қорытуды жеделдету үшін оттегін қолдану меңгерілуде. Қатты қоспалардан жасалған аспаптар, керамикалық жонғыштар енгізілуде.

## Жемшөп сүрлеу баспалды

ҚЫЗЫЛОРДА, (ҚазТАГ). Молотов атындағы колхоз Қармақшы ауданында бірінші болып құрақ сүрлеуге кірісті. Жұмыс тасқынды әдіспен ұйымдастырылды. Шайылған құрақ сүрлететін жерге жеткізіліп, сонда тұралады, траншеяларға қабат-қабат етіп салынып, нығыздалады. Кәзірдің өзінде 400 тонна жас құрақ сүрленді.

Жемшөп сүрлеуге мұнымен қатар Шиелі, Жаңақорған және Сырдария аудандарының колхоздары кірісті. Жүгерінің собықтары мен сабақтарын бөлек жыйнап сүрлеуге әзірлік жүргізілуде.



# ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

## Партиялық-саяси жұмыс—өндірістік табысқа жетудің кепілі

Облыс совхоздары егін жыйнау жұмысына жаппай кірісе бастады. Жаңа астықты мемлекет қоймаларына жеткізуде автомобиль транспорты шешуші роль атқаратыны мәлім. Солай бола тұрса да совхоздар министрлігінің Петропавлдағы автобазасы жаңа астықты мемлекет қоймаларына тасу жұмысына дайындықсыз келіп отыр.

Мұндағы 122 автомашиналардың тең жартысы күні бүгінге дейін жөндеуден өтпеген. Жөндеу жұмыстарының ойсыраған олқылыққа ұшырауының себебі неде? Өңіміне міне осы жөнінде болғалы отыр. Базаның директоры Мачанкин, партия ұйымының секретары Якименко жолдастар жөндеу жұмысының бригадалық-төраштық әдісін ұйымдастырмаған. Мұның үстіне жөндеу жұмыстарына шоферлардың басым көпшілігі қатыстырылмай келеді.

Автобазаның партия ұйымы жөндеушілер мен шоферлар арасындағы партиялық-саяси жұмысты әлсіретіп алған. Жөндеу мастерскойында жұмыс істейтін адамдардың арасында социалистік жарыс ұйымдастырылып, оның барысы жарияланып отырылмайды. Мастерскойда көрсеткіш тақталары мен жауынгерлік листоктарды, жұмысшылармен өңгіме өткізген үгітшілерді іздеп табу қиын. Партиялық-саяси жұмысты елемеудің салдары өндірістік міндеттерді ойдағыдай орындау

ісіне нұқсан келтірген. Жұмысшылар арасында еңбек тәртібі әлсіреген.

Егер партия ұйымы, оның секретары Якименко жолдас кәсіпорнының әкімшілік жұмысына бақылауды күшейтіп, коммунистер мен жұмысшылардың еңбектегі белсенділігін арттырып отырған болса, бұл сияқты төзгісіз жағдайлар кездеспеген болар еді.

Партия жыйналысы коммунистердің тәрбие мектебі болып табылады. Солай бола тұрса да, Якименко жолдас партия жыйналысын оқта-текте ғана өткізуді әдетке айналдырған. Мұнда партия жыйналысы үш-төрт ай бойы шақырылмайтын көрінеді. Сондықтан коммунистердің басым көпшілігі партия ұйымының өмірінен тыс қалып қойған.

Автобазаның директоры Мачанкин мен жөндеу мастерскойының меңгерушісі Годованец жолдастар партия ұйымының бақылауының нашарлығымен пайдаланып, коллектив арасында тәрбие жұмыстарын жүргізуден қол үзген. Олар жұмыста тек бұйрықтардың ғана күшін пайдаланып келеді. Үстіміздегі жылдың еткен алты айында Мачанкин жолдасын бұйрығы бойынша 66 адамға әкімшілік жазасы қолданылған. Базаның шаруашылық басшылары жұмысшылардың өндірістік кеңестері мен жалпы жыйналыстарын өткізуді, жұмысшылардың бағалы ұсыныстары мен пікірлерін жүзеге асыруды

екінші кезектегі мәселе ретінде қарайды.

Коллектив мүшелерінің творчестволық белсенділіктерін арттырудың жолы социалистік жарыс болып табылады. Жөндеу мастерскойында өндірістік тапсырмаларын артығымен орындап жүрген слесарьлар Новиков, Демонков, тоғарлар Терещенко мен Кузнецов сияқты жолдастар көштеп саналады. Егер партия, көпшідегі ұйымы өндіріс озаттарының жұмыс тәжірибелерін кеңінен насихаттау арқылы артта қалғандарды алдыңғылардың қатарына қоса білсе, шаруашылық жұмыста табыстан-табысқа жетісе беруге болады. Партия ұйымы мен кәсіподақ ұйымы социалистік жарысты ұйымдастыру ісіне ерекше назар аударуға міндетті.

СОБП Орталық Комитетінің жақында болып өткен июль Пленумы кәсіпорындары партия ұйымдарының назарын жұмысшылар арасындағы саяси жұмысты кеңінен өрістетуге, коллективтің еңбектегі белсенділіктерін үнемі қолдап отыруға шақырды. Пленумда партиялық-саяси жұмыс өндірістегі табысқа жетудің кепілі екені атап көрсетілді. Автобазаның партия ұйымы өзінің жұмысын жаңа міндеттер дәрежесіне сай ұйымдастырып, жұмыста кездескен кемшіліктерді жедел жоюға тиіс.

Ф. БЕЛОЗ,

Қазақстан КП қалалық комитетінің нұсқаушысы.

## БІЗДІҢ БӨЛІМШЕНІҢ ЖҰМЫСЫ

Біздің ауданда саяси және ғылыми білімдер тарату Қоғамының бөлімшесі 1948 жылы ұйымдастырылған болатын. Әуелде оған небары 7-ақ адам мүше болды. Ал қазір бізде 70-ден астам лектор бар. Бұлардың ішінде 37 адамның білімі жоғары дәрежелі.

Қоғамның бөлімшесі өткен жылға қарағанда өз жұмысын едәуір жақсартты. Өткен жылы бүкіл жыл бойы 187 лекция оқыған еді. Ал быйыл көздің өзінде-ақ 255 лекция оқылды. Атап өтерлік бір жай, оқылып жүрген лекциялардың талқылары да жан-жақты бола бастады. Ауыл шаруашылығы экономикасы тақырыптарына 55, маркстік-лениндік теория мәселелері жөнінен 69, халықаралық жағдай туралы 49 лекция оқылды.

Бөлімше лекциялардың сапасына да көп назар аударып отырады. Мәселен, бір лектор дайындаған лекцияның текеті секіріп талқыланады, сойтіп кейбір кемшіліктері түзелгеннен кейін ғана оны жұрт алдында оқуға рұқсат етіледі.

Хоздары өкілдері де өз жұмыстарын жақсартта түсті. Преснов МТС-нің аймағында МТС партия ұйымының секретары Назарин жолдасын басшылығымен лекторлар әрбір елді пунктте айына кем дегенде бір-екі лекция оқып тұрады. МТС-тің бас агрономы, қоғам мүшесі Соколов жолдасын бір өзі ғана үстіміздегі жылдың алты айы ішінде 16 лекция оқыды. Соколов жолдасын «Мальцев әдісімен топырақ өңдеу», «Біздің облыс жағдайында жүгері өсірудің агротехникасы», «Егісті қалай күтіп-бантау керек» деген және басқа да тақырыпта оқыған лекциялары жоғары дәрежеде болды.

Еңбекшілер арасында лекция оқу ісіне Преснов совхозының бас зоотехнигі Середя жолдас та белсене араласып жүр. Қоғамның Абай атындағы колхоздары мүшелері, колхоз председателі Шайкенов, мұғалім Хасенов жолдастар маркстік-лениндік теория, ауыл шаруашылығының экономикасы жөнінен бірқатар жақсы лекциялар оқыды.

Ісінде кемшіліктер де жоқ емес. Қоғамның жекелеген мүшелері әлі де болса өз жұмыстарын жоғары талаптар дәрежесіне сай жүргізе алмай келеді. Мәселен, Николаевка МТС-нің бас агрономы Омаров, мал дәрігерлері Пяткова, Ережепов, Вавульский жолдастар, Баян МТС-нің ара мал дәрігері Швед жолдас оқыған лекциялардың идеялық дәрежесі төмен.

Бірқатар партия ұйымдары лекциялық насихатқа әлі де мән бермей келеді. Жағдай Майбалық МТС-інде осылай болып отыр. Мұнда бастауын партия ұйымының секретары Сембаев жолдасын өзі де қоғам мүшесі бола отырып, небары өкі-ақ лекция оқыған.

Аудан партия ұйымы бұл кемшіліктерді, сөз жоқ жойып, лекциялық насихатты бұрыңғыдан да жоғары саптыға көтеретін болады.

Б. КӘРІМБАЕВ.

Саяси және ғылыми білімдер тарату қоғамының Преснов аудандық бөлімшесі басқарманың председатели.

## СТАЛИН АТЫНДАҒЫ КОЛХОЗДА

Мал шаруашылығының өнімділігін арттыру үшін

Сталин атындағы колхоздың қолхозшылары үстіміздегі жылы мал шаруашылығының өнімділігін шұғыл арттыруды көздеп, көктемде 180 гектар алаңға бағалы малазығындық дақыл—жүгері егкен болатын. Культивациялау, жегенелеу және басқа күту-баптау жұмыстарының уақытылы жүргізілуі нәтижесінде ол біркелжі биік болып өсті.

Ауылшаруашылық артельнің мүшелері жүгерінің собықтағы дәнін және собығын сүрлемге жекелеп салуды көздеп отыр. Бұл үшін сүрлем орындары өзінді. Көзін сыйымдылығы 1000 тоннаға жуық 7 траншея дайындалды. Олардың ішінде жүгерінің сабағы сүрленетін алтауының іші секцияларға бөлініп, сыланды. Ал, собықтар сүрленетін бір траншеяның қабырғалары талмен тоқылып, сыланды. Сүрлем орындары ферма қызметкерлерінің, колхоз активистерінің және үй шаруасындағы әйелдердің сенбіліктерін ұйымдастыру арқылы салынды.


### Астық қоймалары

Колхозда жаңа егіннің астығын қабылдауға даярлық қызу жүргізілуде. Мұнда бөренеден және саманнан ішіне 10 мың центнерге дейін астық сыятын екі қойма салынып болуға жуық. Олардың төбелері шифермен жабылып, едендері төселді. Көзін ішкі өңдеу жұмыстары жүріп жатыр.

Астық қоймаларын салуды Борис Жидков басқарған балташылар бригадасы жүргізеді. Бригадада К. Ватырев, Д. Демидов тағы басқалары жақсы еңбек етіп жүр. Құрылысшылар екі қойманың екеуін де 10 августқа дейін салып бітіруге міндеттенді.

### Озат малшылар

Мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру жөніндегі СОБП Орталық Комитеті январь Пленумының қарарларын жүзеге асыра отырып, Сталин атындағы ауылшаруашылық артельнің көптеген малшылары жоғары көрсеткіштерге жетуге. Сауыншы Эмма Местер қарамағындағы 10 сыйырдың әрқайсысынан үстіміздегі жылдың жеті айында 1400 литрден сүт алып, өзінің жылдық жоспарын мерзімінен анағұрлым ерте орындап шықты. Ол 1 октябрьге дейін әрбір сауын сыйырдан тағы да 400 литрден сүт саууға міндеттеніп отыр. Сүт сауудың жылдық жоспарын сауыншы Анна Цыганова да 1 августқа дейін толық аяқтады.



Партияның шақыруы бойынша облысымызға келген өскемендік Иван Денисович Цой көзін Дзержинский атындағы совхозда трактордың аппаратурасын жөндеуші болып істейді. Ол совхоздағы алдыңғы қатарлылардың бірінен саналады.

СУРЕТТЕ: И. Цой (сол жақта) және совхоздың бас инженері А. Шимкович жанармай аппаратурасы секциясының жұмысын бақылап тұр. Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Партияның XX съезі күрмеіндегі жарыста

«Екінді» кәсіпшілік артельнің коллективі цехтардың неғұрлым өнімді және сапалы жұмыс істеуін көздеп, быйылғы жылы едәуір ұйымдастыру-техникалық шаралар белгілеп, жүзеге асырды. Ең алдымен жұмысты екі сәнада істеу ұйымдастырылды. Осы жылдың 1 июнінен бастап № 3 цехты қысқарту есебінен жаппай бас киімдер тіретін № 1 цех және № 2 тігін цехы ұлғайтылды. Жұмыс салатын шикізатты және материалды неғұрлым мол үнемдеуді көздеп, бұрынғы 3 тігін цехын біріктіріп, бір ғана тігін цехына айналдырдық. Мұның өзі де еңбек өнімділігін едәуір арттыруға, өнім сапасын жақсартуға және өзінің құнды кеміте беруге қолайлы жағдай турғызды.

Артель коллективі социалистік жарыста алған міндеттемелерін аброймен орындап шығу жолындағы жарыс туын жоғары ұстап, қақырлы еңбек етіп келеді. Соның нәтижесінде артель 1955 жылдың бірінші жартыжылдығына белгіленген мемлекеттік тапсырманы 109,2 процентке орындады. Товары өнім шығару өткен 1954 жылдың бірінші жартыжылдығында 98,6 процентке тең болса, быйылғы жылы 109 процентке дейін артты.

Еңбек өнімділігін арттыру жолындағы жарыс қорытындысы шығарылғанда, әрбір жұмысшының еңбек өнімділігі 121,7

асыра орындады. Ал комсомолец тігінші-мастер Бади Дәулеткедіева, мастерлер Брючица, Сенкина, Маралбаева және Тавицаева жолдастар өндірістік тапсырманы әрдайым 130-150 процентке жеткізе орындайды.

Өткен жылдың ноябрь айында Москва қаласының алдыңғы қатарлы кәсіпорындары бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты өрістетуге шақырып, патриоттық бастама көтерген еді. Артель коллективі москвалықтардың шақыруына нақтылы іспен жауап беруді ұйғарып, социалистік жарысқа алдыңғылардың бірі болып қосылды. Сөйтіп, бесінші бесжылдықта белгіленген өндірістік тапсырманы өткен июль айының 1 күні 111,3 процент орындады. Бұл күндері шығарылған қатқан өнім 1956 жылдың январь айының есебіне берілуде.

Мұнымен бірге артель коллективі қамқорлыққа алған колхозға қамқорлық көмек көрсетуді де естен шығармайды. Петропавл ауданындағы Жамбыл атындағы колхозда артельдің бір топ жұмысшылары 25 күн бойына жұмыс істеді. Олар жемпеш дайындауға, жүгері өңдеуге, оны күтіп-баптауға едәуір қолқабыс тигізді. Көзін құрамында 20 адам бар бригада Совет ауданының «30 лет Казахстана»



## КАРТ ЛЕКТОР

Бұдан бір жылдан артырақ уақыт бұрын КБОС-та Иван Ивановичтің өтініші қаралды. Онда өзін жаңа жерлер игеріліп жатқан аудандардың біріне жұмысқа жіберуді тілек етіпті ол. Иван Ивановичтің анкетасындағы «1896 жылы туған» деген жазуды көріп:

—Жібере алмаймыз! Жаңа жерге жастар барса да жетер,— десті КБОС-тағылар.

—Жоқ, мені кәрі деп ойламаңдар!— деген еді сонда Иван Иванович. —Мен өзімнің туған уақытымызды партияға мүше болған күннен бастап есептеймін. Ал менің партия қатарында жұмыс істегеніме 34-ақ жыл болды. Жаңа жерлерде менің де керемет болатынына сенемін!

...Жаңа жерлерді игеруге аттанған көптеген патриоттардың ішінде біздің облысыда Иван Иванович Пашков жолдас та кел-

ді. Ол бұрын Одессада мемлекеттік мекеме қызметкерлері жөспірағының облыстық комитетінің председатели болған. Көзір Иван Иванович Булаев астық совхозында жұмысшылар комитетінің председатели болып істейді.

Иван Иванович өзінің екінші мамандығы — лекторлық жұмысты да жаңа совхозға келісімен өрістете түсті. Лектор болуды ол өзінің қоғамдық борышы ретінде есептейді. Бұл істе оның 20 жылдық тәжірибесі бар. Осы жылдардың ішінде ол жүздеген лекция оқыды, оның жалынды сөздері мен пікірлерін мыңдаған адамдар тыңдап, құлақ құрышын қандырысты. Үстіміздегі жылы бұл совхоздың бригадаларында карт лектор 15 лекция оқып, бірнеше рет әңгіме өткізді. Әресе Панков жолдасстың «Совет жастарының моральдық бейнесі», «Совет Армиясы— бейбіт-

шілік пен халықтар хауіпсіздігінің сенімді сақшысы» деген тақырыпта оқыған лекциялары және басқалары тыңдаушыларды әбден қанағаттандырды.

Көзір Панков жолдас «Кәсіподақтар — коммунизм мектебі» деген тақырыпта лекция әзірлеп жатыр. Осы лекциясы арқылы Иван Иванович совхоздың және бүкіл аудандық кәсіподақ ұйымдарының еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру жөніндегі жұмысына жәрдемдесу міндетін қойып отыр.

Өзінің семьясымен бірге Иван Иванович біздің облысымызда біржолата орнықты. Қарапайым ғана еңбегімен Панков жолдас жаңа жерлерді игеру ісіне тиісті үлес қосуда. Өз совхозы жұмысшыларының тұрмысын неғұрлым ауқатты, неғұрлым мәдениетті ету үшін ол өзінің бар күш-жігерін аямай жұмсап келеді.

В. ГРЯЗЕВ.

## Быйыл сатып алынған машиналар

Колхоз өткен жылы және быйылғы жылдың бірінші жартысында мал шаруашылығы өнімдерін дайындау жоспарын толық орындап, артық етті, сүтті және сондай өнімдерді мемлекеттік сатып алу орындарына көптеп сатты. Содан түскен қаржыға колхозшылар быйыл жүкті өздігінен түсіретін 1 «ЗИС—150» автомашинасын, «Победа» жеңіл машинасын сатып алды. Көзір колхозда 5 автомашина бар.

Сонымен бірге, артельге оғор дақылдарын суаратын және егістіктерге тыңайтқыштар енгізетін арнаулы машина, дөңкөптігіш және оған астық өперетін механизмді қозғалысқа келтіретін қуатты мотор сатып алынды.

Х. РАХМАТУЛЛИН.

Преснов ауданы.

## Колхоздарда финанс тәртібі қатаң сақталсын

СОБН Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудің айбынды программасын жасап берген болатын. Сентябрь Пленумы өткеннен бергі уақыттың ішінде еліміздің ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету және еңбекшілердің материалдық ауқатты жақсарту жөнінде бірқатар табыстарға қол жетті. Демек, колхоздар егін және мал шаруашылығы өнімдерін көп өндіре бастады, сөйтін заттай және ақшалай табыстарын молайтуға жетісті.

Бүкіл еліміздің озат колхоздары сияқты облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздары да ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудің айбынды программасын орындай отырып, кейбір табыстарға ие болып отыр. Облысымызда миллионер колхоздардың саны молая бастады. Ондай колхоздарда егін және мал шаруашылығы алға басумен бірге ақшалай мол табыс берді, шаруашылықтың бұлай өркендеуі колхоздың алдыңғы қатарлы техникамен жабдықтала түсуіне толық жағдай туғызды. Мұның барлығы колхоздардың қоғамдық өндірісті ұлғайтуға көп қаржы жұмсауын, сол сияқты колхозшылардың еңбеккүндеріне ақшалай және заттай үлестің мол бөлінуін қамтамасыз етті.

Облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздарының ақшалай табыстары бұрынғыдан әлдеқайда өсіп отырса, бұған колхоздар мен колхозшыларды ауылшаруашылық өнімдерін молынан өндіруге ынталандыру шараларын мүлтіксіз жүзеге асыру көп көмек көрсетті. Сөйтін, колхоздарымыздың қоғамдық шаруашылығының экономикасы нығайды. Осының нәтижесінде колхозшыларымыздың әл-ауқат күйі бұрынғыдан да жақсара түсті.

Социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі өркендете түсеу, ол үшін қол жеткен алғашқы табыстарын баянды ету мүддесі колхоз басқармаларынан аса ұқыпты, үнемшіл болуды талап етеді. Өңгіме колхоздарда финанс шаруашылығын барынша нығайту жөнінде болып отыр.

Кіріс- шығыс сметалары колхоздың финанс шаруашылығының негізі. Ол сметалар колхозшылардың жалпы жыйналыстарында талқыланып, бекітіледі. Осыған сәйкес колхоз басқармаларының қаржыны сметада белгіленген шараларға ғана жұмсауға правосы бар. Сметаның бір статьясындағы қаржыны екінші статьяға аударып, басқа мақсатқа пайдалануға колхоз басқармасының да, оның председателинің де ешқандай правосы жоқ. Бұл колхозшылардың еркі.

Алайда, облысымыздың бірқатар ауылшаруашылық артельдерінде финанс тәртібі барынша қатаң сақталу орнына, өрескел бұрмаланып келеді. Бұл пікірімізді дәлелдеу үшін Ленин ауданының кейбір колхоздарынан келтірілетін мына мысалдар толық жеткілікті. Бұл ауданның Аманкелді атындағы колхозында финанс тәртібі өрескел бұрмаланып жүр. Колхозшылардың жалпы жыйналысы бекіткен сметада белгіленбесе де, колхоз басқармасы үстіміздегі жылдың өткен айлары ішінде базар бағасымен 1311 сомның жанар майын сатып алды. Колхоз басқармасы ауылшаруашылық машиналарының кейбір бөлшектерін де колхозшылардың рұхсатынсыз едәуір қымбат бағара сатып алу ісімен мүлдем машықтанып кеткен сияқты. Осының салдарынан колхоздың финанс шаруашылығы әлсіреп отыр. Ал смета бойынша тағайындалған кіріс жос-

парының орындалуы 15 проценттен аздап қана асады.

Жоғарыда аталған колхозда финанс тәртібі басқа реттермен де бұрмаланылып келеді. Өңгіме колхозшыларға ақшаның ешбір жөнсіз, документсіз, қол қоюсыз-ақ беріле салатындығы жөнінде. Бұл, әрине, колхоздың ақшалай табысын талап-тарапқа салғандық.

Ленин ауданында колхоздың финанс тәртібін бұрмалап отырған мұндай колхоз басқармалары некен-саяқ емес. Соның бірі Калинин атындағы колхоздың басқармасы. Бұл колхоздың 15 мың сом қаржысы колхозшылар жазылған Мемлекеттік заем үшін сақтық қасасына өткізілген. Ал колхоз қаржысын бұлай жұмсауға колхоз мүшелері тарапынан берілген ризалық жоқ. Сондай-ақ бұл колхозда колхозшылардың еңбеккүндеріне ақшалай аванс беру тәртібі де берік сақталмай келеді. Оның үстіне көп колхозшылар колхозға берешек. Бірақ ол қаржыны өндіріп, колхоздың банкеті есебіне түсірумен басқарманың және оның председателинің жұмысы жоқ сияқты. Бұл жағдай да сметада белгіленген табыс жоспарының онан бір бөлігінің ғана орындалуына әкеліп соғып отыр.

Колхоздардың финанс шаруашылығын нығайту мәселесінің жайы Мамлют ауданында да мақтарлық емес. Бұл ауданның колхоздарында бөлінбейтін қорға түскен қаржы оңды-солды жұмсалып жүрген көрінеді. Ал осы ауданның Калинин атындағы колхозында мемлекеттік банктен қарыз ретінде алынған 6 мың сомдай қаржы колхозшылардың еңбеккүндеріне берілген.

Колхоздың финанс шаруашылығын нығайтумен жұмысы болмай, оны құлдыраумен айналысып жүрген колхоз басшылары жөніндегі мұндай мысалдарды көптен келтіруге болады. Мұндай басшыларға ортақ бір өрескелдік сол, олар кейбір адамдардың мойнындағы алашақ қаржыны кешіре салады, колхоздың колхоз-

шыларға жеке мекемелер мен ұйымдарға берешек болған қарызын уақытында өтеумен шұғылданбайды, колхоз қаржысын көп реттерде өзінің бас пайдасына, құлқын қажетіне жұмсауға дейін барады.

Ауылшаруашылық артельдерінің басшыларына зор қоғамдық шаруашылық сенім тапсырылған. Сондықтан олардың ең қасиетті борышы— осы шаруашылыққа тиісінше басшылық жасау, артельдің ақшалай және заттай табыстарын ұқыпты және үнемді жұмсау шараларын жүзеге асыру болып саналады.

Колхоздардың финанс шаруашылығын нығайту жөнінде сөз болғанда олардың ақшалай табыстарын молайтудың қандай көздері бар екендігін де айта кету керек, әрбір 100 гектар жерден алынатын егін және мал шаруашылығы өнімдерін өндірісін ұлғайту қажет. Колхоздың ақшалай табысын молайтудың қайнар көздерінің бірі ет үшін шошқа шаруашылығын өркендету, техникалық дақылдар егінін ұлғайту екендігі озат шаруашылықтарымыздың тәжірибелерінен айқын көрініп жүр.

Колхоздардың финанс шаруашылығын нығайту үшін финанс тәртібін қатаң сақтап, қоғамдық қаржыны дұрыс пайдалану қажет. Ең алдымен қаржыны күрделі құрылысқа жұмсаған жөн. Бұл жерде колхозшылардың мәдени-тұрмыстық орындарын салуға көңіл бөлінбесін деген ұғым тұмайды, мәселе, үнемшілдік жөнінде болып отыр. Сондай-ақ колхозшылардың еңбеккүндеріне ақшалай үлесті тікелей колхоздың табысынан бөлу қажет. Ал күрделі құрылысқа немесе асыл тұқымды малдар мен жоғары сортты дақыл тұқымдарын сатып алуға алынған мемлекеттік қарызды бұл мақсатқа пайдалануға мүлдем жол жоқ.

Колхоздардың финанс шаруашылығын қатаң сақтау, шаруашылықтың ақшалай табыстарын молайтуға ат салысу— колхозшылардың болсын, колхоз басқармасының болсын қасиетті борышы.

процентке тең болып, артельдің еңбекшілері қоры 106,1 процент артты, жекелеген жұмысшылардың еңбекшілері өткен жылмен салыстырғанда, 118,1 процент өсті.

Артель мүшелерінің осындай қол жеткен жақсы табыстарында ешбір құпия сыр жоқ. Бұл тек әрбір жұмысшының өздеріне міндеттелген жұмыстарға жауап тылықпен қарап, оны мүлтіксіз орындап шығуға бар ынта- жігерін салуының нәтижесі.

Өнімнің сапасын жақсарту беру коллективтің бірінші дәрежелі міндеттерінің бірі. Біздің артель өндірген өнімнің 99,6 процентіне дейін тек жоғары сапада қабылданып келген еді. Жақында артель өндіріп шығарған өнімнің сапасына байқау жүргізілгенде, біраз өнім екінші сортқа түсірілді. Біз бұдан кейін барлық цехтарда жұмысшылардың өндірістік жыйналыстарын өткізді, істегі кезеңден кемшіліктердің бетін ашып, оны болдырмауға бағытталған нақтылы шаралар белгілеп, жүзеге асыра бастадық. Міне, осының нәтижесінде көзір артельде өнім шығару, оның сапасын жақсарту біраз жақсара түсті.

Өндіріс орынында шығарылатын өнімнің өзіндік құнын кеміту, кәсіпорнының материалдық, экономикалық және финанс жағдайын нығайта түседі. Артель коллективі өнімнің өзіндік құнын мейлінше мол арзандатуға әрдайым көңіл бөліп отырады. Үстіміздегі жылдың өткен алты айы ішінде шығарылған товарлы өнімнің өзіндік құны 52 мың 100 сомға дейін арзандады. Бұл өткен жылдың осы мерзіміндегіден 2,6 процент артық.

Біздің артель жұмысшыларының дені — әйелдер. Олардың көбі өндіріс озаттары болып табылады. Мәселен, 57 әйел өндірісте сменалық, айлық, тоқсандық тапсырмаларын ұдайы асыра орындайтындар қатарында. Мұндайлар артельде аз емес. Меңдібай Гизатуллин жолдас 1955 жылдың бірінші жартыжылдығына белгіленген тапсырманы 200 проценттен

колхозында жааңа қыран, төл қыраны рын салу және шөп шабу жұмыстарына көмектесіп жүр. Құрамында 21 адам бар артельдің көркемөнерпаздар үйірмесі қамқорлыққа алған колхозда жмі болып, колхозшыларға концерттер қойып береді, демалыс кештерін ұйымдастырады.

Алайда, бізде өнімді бұдан да көп, сапалы шығаруға мүмкіндік бар. Бірақ өнім шығаруға қажетті материалдармен шикізаттың жеткіліксіз болып қалу фактілері іске едәуір нұқсан келтіріп жүр. Әресе, облыстық кәсіпшілік советінің, «Облпромтехснабоблыт» мекемесінің (бастығы Веригин) кінәсі мол болып отыр. Аталған мекеме артельге қажетті материалдарды атап айтқанда: мөхпен, картон қағаздарымен жеткіліксіз қамтамасыз етеді. Соның салдарынан қыс күндері киетін бас киімдер өндіру тек 10 марттан басталды. Ал соңғы екіжарым ай бойы картон қағаздың болмауы салдарынан жазғы бас киімдер өндіру мүлдем тоқтатылды.

СОБН Орталық Комитетінің июль Пленумының қаулысы коллектив арасында қызу қолдау тапты. Коллектив мүшелері бұл қаулыны талқылау үстінде күні осы уақытқа дейін пайдаланылмай келген ішкі резервтер мен мүмкіншіліктердің қазің тауып, іске қосуды ұйғарды. Сөйтін, 1955 жылға белгіленген өндірістік жоспарды 5 декабрьге дейін толық орындап шығуға міндеттенді. Ол үшін таяудағы күндер ішінде жаңадан тағы бір цех жабдықталады, электрлі пышақпен пішу цехы пайдалануға беріледі, барлық цехтарды механикаландыру ісі жүзеге асырылады.

Біз өзіміздің социалистік жарыста алған міндеттемелерімізді мүлтіксіз орындай отырып, СОБН XX съезі құрметіндегі жарыста алдыңғылар қатарына шығатын боламыз.

Ө. БИРАЕВ.

Қаладағы «Еңпінді» кәсіпшілік артелинің председатели.

## Кірпіш өндіру арта түсті

СОБН Орталық Комитетінің июль Пленумының қаулысы Преснов ауданындағы Киров атындағы кәсіпшілік артели коллективі арасында зор өндірістік өрлеу туғызды. Артель коллективі күні осы уақытқа дейін пайдаланылмай келген ішкі резервтер мен мүмкіншіліктерін тауып, іске қосуда. Өндірісті онан әрі ұлғайтуға, шығарылатын өнім сапасын жақсартуға және өзіндік құнын кемітуге бағытталған бірсыпыра ұйымдастыру-техникалық шараларды жүзеге асыра бастады.

Артельде жақын арада жаңадан тағы бір цех ашылып, пайдалануға берілді. Бұл цех тек кірпіш өндірумен шұғылданнады. Ашылған жаңа цехта еңбекті көп керек ететін барлық жұмыстар механика күшімен атқарылады. Көзір цех тәулігіне 8 мыңға дейін кірпіш өндіреді.

Бұл жаңа цехта жұмыс істеу үшін өндірісте тәжірибесі мол кадрлар іріктелініп алынды. Олар бірлесе, ынтымақтаса жұмыс істеп, өндірісте еңбектің тамаша үлгісін алғашқы күндерден бастап-ақ көрсете бастады. Ф. Тослин жолдас басқаратын смена адамдары смена сайын біржарым-екі норма орындайды. Мұнда, әресе Иванов, Литт және Малыгина жолдасар ерекше көзге түсерліктей еңбек етуде. Олар өндірістік тапсырманы әрдайым 160-170 процентке жеткізе орындайды.

Кірпіш өндіру маусымы басталғаннан бері цех коллективі 380 мың дана кірпіш өндіріп, ауданның колхоз, совхоз және МТС-теріндегі құрылыстарына берді. Коллектив адамдары жыл аяғына дейін 1 миллион 200 мың дана кірпіш өндіріп шығаруды міндетіне алды.

К. БАЯЗИТОВ.



# Мал шаруашылығының өнімділігін арттыра берейік!

## Облыста бірінші орында

Каганович атындағы колхоздың (Совет ауданы) товарлы-сүт фермасында шаруашылық жылдың тоғыз айы ішінде әрбір сыйырдан орта есеппен 1206 литр сүт сауылды. Бұл осы уақыт ішіндегі облыс колхоздары көрсеткіштерінің бірінен де жоғары.

Мұндай табысқа не болуда әсіресе колхоз сауыншыларының зор үлесі бар. Өйткені олар сыйырларды күту, азықтандыру, сауу жұмыстарын ғылым табыстары мен озат тәжірибелер негізінде жүргізді. Сыйырдың сүттілігін арттыру жолында жанамай еңбек етті. Осының нәтижесінде колхоздың озат сауыншысы комсомолка Александра Зновьяк өзіне бекітіліп берілген сыйырдың әрқайсысынан 1398 литр, Нина Думанская — 1230 литр сүт сауды.

Фермадағы сыйырлардың көпшілігі қырдың қызыл сыйыры. Бұл сүтті мол беретін тұқым. Бірақ олардың сүттілігін арттыра беру үшін дұрыс азықтандыру керек. Сондықтан колхозшылар үстіміздегі жылы малды азықтандыруды жақсартуға ерекше назар аударып отыр. Егер өткен жылдары қыс сыйырлар тек табиғи пішенмен ғана азықтандырылып келсе, 1954—1955 жылдың қысында сыйырларға ірі сабақты жемшөптен бірге жақсы әзірленген сүразық, шрот, дәнді азықтар берілді. Мұның өзі әрбір сыйырдың сүттілігін қыс айларында бұрынғыдан 150—200 литр арттыруға жағдай туғызды.

Жағзы жайылымдарды пайдалану ісі де едәуір жақсарды. Сыйырлар үшін жайылымдардың ең құнарлысы бөлінді. Оны бірнеше өріске бөліп, кезек пайдалану ұйымдастырылды. Сыйырларды тек күндіз ғана емес, сонымен қатар түнде де жайып, азықтандыру тәртібі енгізілді. Күн ыстық болған кезде сыйырларды көкшөп үшін егілген дақылдардың көкшөсімен қолда азықтандыру ұйымдастырылды. Міне, осының барлығы колхоздың сүтті мол саууда елеулі табысқа жетуін қамтамасыз етті.

Сыйырдың сүттілігін арттыру негізінде колхоз мал шаруашылығынан алынатын табысты едәуір арттырып отыр. Колхозшылар мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді арттыру шараларын жүзеге асыра отырып, бұдан былай да табысқа жете беру үшін жанамай еңбек етуде.

**В. ЛИЗУН.**

## Мал семіртудің шеберлері

Сталин атындағы ауылшаруашылық

## 10 айда әр сыйырдан 2000 литр сүт

Өткен жылы мен өзіме бекітіліп берілген сыйырлардың әрқайсысынан 2000 литрден сүт саудым. Бұл менің сауыншы болып істегеннен бергі уақыт ішіндегі ең жоғарғы көрсеткішім еді. Колхоз басқармасы менің бұл еңбегімді жоғары бағалап, қосымша ақшаға 1000 литр сүт берді.

Мен үстіміздегі жылы қарауымдағы сыйырлардың сүттілігін бұрынғыдан да арттыра түсуді ұйғардым. Сөйтіп, әрбір сыйырдан орта есеппен кемінде 2300 литр сүт саууға міндеттеме алдым. Көзім бұл міндеттемемен сөзсіз орындайтыным, тіпті едәуір асыра орындайтыным берік сенемін. 1954 жылдың 1 октябрінен 1955 жылдың 1 августына дейінгі өткен он ай ішінде қарамағымдағы сыйырлардың әрқайсысынан орта есеппен 2000 литр сүт саудым.

Мұндай жоғары көрсеткішке не болудың сыры неде деген сұрақ туады. Мұның сыры ең алдымен сауын малдарын дұрыс азықтандыруда, сыйырларды сауудың озат әдістерін меңгеру бiлуде, малды жақсы күтуде және зоотехникалық ғылымның табыстары мен озат сауыншылардың тәжірибесін өндіріске кеңінен енгізуде. Мұны мен өз тәжірибемнен айқын көрдім.

Өткен жылы мен Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде болдым. Көрменің мал шаруашылығы павильонында алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың сүтті сыйырларын көріп, сүт саууда озат көрсеткіштерге не болып жүрген сауыншылармен әңгімелестім. Олардың сыйырларды күту, азықтандыру, сауу, суалту әдістерімен таныстым. Колхозға қайтып келісімен көрмеден алған әсерімді, үйренгендерімді мал өсірушілерге баяндап бердім. Сонымен бірге оны өз жұмыстарыма кеңінен қолдануға ұйғардым.

Менің қарамағымдағы сыйырлардың бәрі де қыс айларында бұзаулады. Олардың бұзаулауға дейін қоңды болуын қамтамасыз еттім. Беретін сүт мөлшерінің көп-аздығына қарамастан бұзаулауынан екі ай бұрын сыйырларды суалттым. Сыйырды суалтуға барлық озат сауыншылар қолданып жүрген — күннен-күнге сауу санын кеміте беру әдісін қолдандым, суалып болғанша азық рационы кемітіліп отырылды.

Бұзаулауына он күн қалғанда сыйыр арнаулы мал төдейтін бөлмеде күтіледі. Мұнда сыйырдың күтіміне, әсіресе жатар орнының әрі жылы, әрі жұмсақ болуына назар аударамын. Сыйыр бұзаулаған кезде жас бұзауды өзім қабылдаймын.

Жаңа туған бұзаудың тұмсығын, құлақтарын тазартып, кіндігін денеден 10

орынға жатқызамын. Сыйырларға бұзаулағаннан кейін 10 литр жылы су беріледі. Ал 7—8 сағат өткен соң сыйыр жылы суды қанғанынша ішеді.

Сыйырды саууда озат әдістерді қолдануға ерекше назар аударамын. Өйткені сыйырдың желініндегі сүтті толық сауып алу сауудың озат әдістерін ұқыптылықпен жүзеге асыруға байланысты. Алдымен сыйыр сауатын, сүт құйтын ыдыстар әзірленеді, олардың таза болуы қадағаланады. Сауар алдында сыйырлардың желіні жылы сумен жуып, таза орамалмен сүртемін. Бұдан кейін желінге массаж жасалады. Массаж ірі сыйырлардың желіні не бір-екі минут, тұмса немесе екінші рет бұзаулаған сыйырлардың желініне екі-үш минут жасалады.


Сауранда алдымен алдыңғы емшектерді, содан кейін кейінгі емшектерді сауамын. Көбінесе емшекті ұстап сауу әдісін қолданамын. Сауын үстінде сыйырларға жеңу, дауыстап сөйлеу, сыйыр иген кезде сауу жұмысын тоқтатып қою сияқтыларға жол берілмейді. Желінге массаж сауын аяқталғаннан кейін де жасалады. Бұл желінде қан айналысын тездетеді, сыйырлардың желінге сүтті мол жыйнауына жағдай жасайды.

Сыйырлардың сүттілігін арттыра беруді қамтамасыз етуде фермада жұмыс күнінің тәртібін дұрыс жасаудың және оны жүзеге асырып отырудың маңызы зор. Өткен қыста біз малды тәулігіне төрт рет азықтандыру, үш рет суару, үш рет сауу тәртібін енгіздік. Сауын малын күту, азықтандыру, суару, сауу жұмыстары фермада жасалған «жұмыс күні» тәртібінде көрсетілген уақыттарда жүргізілді. Ірі сабақты жемшөп малға алдын-ала әзірленіп, туралып, бұзандырылып берілді. Ал жаз шығысымен жайылымдықтар бірнеше учаскектерге бөлінді. Оларға сыйыр кезек бағылатын болды.

Жаздың соңғы айларында жайылымдық учаскектердегі табиғи шөп қуарып, азықтық сапасын кеміте бастады. Сондықтан біз бұл кезде малды қолдан азықтандырдық. Сыйырларға мал азығы үшін егілген қара бидай көкшөсін шауып беруді ұйымдастырдық. Бұл әдісті қолдану жаз айларында сүтті мол алуымызды қамтамасыз етіп келеді.

Біздің колхоз сыйырлардың сүттілігін арттыру жөнінде Ленин ауданының колхоздары бойынша бірінші орында келеді. Біз сауын малдарын күту, азықтандыру, сауу жұмыстарын бұрынғыдан да жақсартып отырып, қол жеткен табысты баянды ететін боламыз.

**В. САЮТИНА,**



Булаев структуралық барлау бригадасы құдық қазу үшін скважиналарды бұрғылау жұмыстарын жүргізуде. СУРЕТТЕ: су көзін табу үшін скважиналарды бұрғылап жатқан кез.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Көтеріңкі міндеттеме

Ленин ауданы, «Славянка» колхозының колхозшылары СОБН Орталық Комитеті июль Пленумының қаулысын зор еңбек өрлеуі үстінде қарсы алды. Пленум қаулысына жауап ретінде колхозшылар көтеріңкі міндеттемелер қабылдады.

Колхозшылар Павел Коннин мен Александр Свидченко вялкаға астық салуды механикаландыруға және тазаланған астықты әкететін транспортер ыңғайлауға міндеттенген еді. Бұл еңбекті көп тілейтін жұмысты механикаландырып, 5 колхозшыны басқа жұмысқа пайдалануға, еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Көзір колхоз рационализаторлары Павел Коннин мен Александр Свидченко өз міндеттемелерін орындау жолында еңбек етуде.

Колхозшылар Мария Коваленко, Александр Гех, Маланья Овильченко мал қыстауларына шөп тасуда жұмыс істейді. Олар күндік тасырманы 120-150 проценттен орындайды. Басқа колхозшылар олардан үлгі алуда. Шөп тасушылардың қажырлы еңбегі арқасында мал фермаларына 4 мың центнерге жуық жемшөп тасылды. Бұл қоғамдық малға керекті жемшөптің 50 процентінен асады.

«Славянка» колхозының колхозшылары мен колхозшы әйелдері қоғамдық малға беріп жемшөп қорын дайындау мақсатымен онкүндік жариялады. Бұл онкүндікте колхоздың барлық колхозшылары және интеллигенттері шөп жыйнау және оны тасу жұмыстарына белсене

## Мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысы нашар

Октябрь ауданында соңғы екі жылдың ішінде мәдени-ағарту мекемелерінің саны едәуір көбейтілді. Көзір аудан бойынша 15 селолық клуб, 1 Мәдениет үйі, 21 кітапхана, 4 оқу үйі, 9 жылжымалы киноқондырмалары және 2 тұрақты киноқондырмалары бар. Бірақ бұл мекемелердің жұмыстары еңбекшілердің мәдени тілектеріне сай ұйымдастырылмай отыр. Аудандық мәдениет бөлімі (меңгерушісі Касаткина жолдас) аудан колхоздары мен совхоздарындағы мәдениет мекемелерінің жұмыстарын көзіргі тілекке сай ұйымдастыра алмай келеді. Аудандық мәдениет бөлімі өз жұмысын жоспарсыз жүргізеді. Соның салдарынан аудандық мәдениет бөлімі аудан колхоздары мен совхоздарындағы мәдениет мекемелерінің жұмыстарына нақтылы басшылық жасай алмайды.

Аудандық мәдениет мекемелерінің қызметкерлері жиі ауыстырылады. Мұның өзі мәдени-бұқаралық жұмыстардың ойдағыдай жүргізілуіне бөгет жасауда. Өйткені үнемі ауыстырылып отырылған қызметкерлер өз жұмыстарын толық зерттеп біліп, жұмыс әдістерін меңгеруге үлгермейді. Ал жаңа қабылданған қызметкерлер өз жұмыстарын қалай жүргізу керектігін үйренудің өзіне көп уақыттарын өткізеді және еңбекшілердің арасындағы мәдени-бұқаралық жұмыстар көп уақытқа дейін жүргізілмейді. Мәселен, аудан орталығындағы кітапханаға жаңадан орналасқан кітапханашы әлі күнге кітапхананың жұмысын аудан еңбекшілерінің тілегіне сай жүргізе алмай отыр. Бұл кітапханада соңғы екі жылдың ішінде кітап оқушылардың бірде-бір конференциясы өткізілмеді. Ал кітапхананың 616 тұрақты кітап оқушылары бар.

Мәдениет мекемелері мүліктеріне кейбір қызметкерлердің ұқыпсыздықпен қарайтындығы да кездесіп отыр. Мәселен, ауданың жаңадан ашылған кітапханаларына арналған әдебиеттер аудандық кітапхананың залында үзіліп жатыр. Ол кітаптардың көпшілігі бүлініп, пайдалануға жарамай қалған.

Октябрь совхозының № 1 бөлімшесінде кітапханашы екі айдан бері ауру болғандықтан жұмыс істемейді. Ал кітапханашының жұмысын кітапханашы Завилова-

ның 75 жастағы әкесі атқарып жүр. Бірақ бұл қарттың өзі сауатсыз болғандықтан әрбір оқушы өзінің қандай кітап алғандығы туралы кітапхананың тіркеу журналына жазып кетеді. Мұның өзі кітапхананың көптеген кітаптарының жоғалуына себеп болып отыр.

«Заря коммунизма» колхозының орталығындағы клуб үйінің де жұмысы айтарлықтай емес. Колхоз председатели Жинов жолдас колхоз орталығындағы клуб үйін құрылысшылардың жатақханасына айналдырған. Сондай-ақ осы колхоздың оқу үйінің жұмысы еңбекшілердің тілегін қанағаттандыра алмай отыр. Оқу үйінің меңгерушісі Казанкова жолдас колхоздағы мәдени-бұқаралық жұмыстарды бүгінгі талапқа сай ұйымдастырудың орнына, өзінің үй шаруасымен көбірек шұғылданады.

Аудандағы «Победа» колхозындағы селолық кітапхананың меңгерушісі Крещенко жолдас кітапхананың жұмысын жақсартуға көңіл бөлмейді. Дала жұмысы басталғаннан бері Крещенко жолдас дала бригадаларында төрт-ақ рет болды. Ол бригадаларда жауынгерлік листовтар шығару, механизаторлар мен колхозшыларға керекті кітаптар жеткізіп беру ісін өз міндетім деп санамайды.

Аудандағы оқу үйлері мен кітапханалардың көпшілігінде мәдени-бұқаралық жұмыстарды жүргізуге қабілетсіз, дайындықтары жеткіліксіз адамдар тағайындалған. Олар өздері қызмет атқарып отырған мәдениет мекемелерінің жұмыстарын ұйымдастыру әдістерін меңгермеген, мәдени-бұқаралық жұмыстармен таныс емес адамдар. Сондықтан бұлар өз жұмыстарын бүгінгі талапқа сай жүргізе алмайды.

Еңбекшілерді мәдени қамту ісін ойдағыдай ұйымдастыру, сөйтіп олардың рухани қажеттерін өтеу — аса маңызды идеологиялық іс. Октябрь аудандық мәдениет бөлімінің басшылары аудан колхоздары мен совхоздарындағы мәдени-ағарту мекемелерінің жұмыстарында орын алып отырған бұл кемшіліктерді жою шараларын белгілеп, еңбекшілерді мәдени қамту ісін жақсартуға жедел жетісулері керек.

**Қ. ШҰҒҒҰЛШИН,**  
(Өз тілшіміз).

## Үлгілі киномеханик

Әнуарбек Оразалин жолдас бірнеше жылдан бері жылжымалы киноқондырманың механигі болып істейді. Полудень ауданының көптеген колхоздары мен совхоздарының еңбекшілері оны өте қадірлейді. Өйткені Оразалин жолдас еңбекшілерді киномен қамту ісін олардың тілектеріне сай жүргізеді.

Көзіргі кезде Әнуарбек Оразалин басқаратын жылжымалы киноқондырма «30 жылдық Қазақстан», «Красный октябрь».

ранда көрсетіп отырады. Оның бұл жұмысы әрбір колхоздағы жетістіктер мен кемшіліктерді колхозшылардың үнемі біліп отыруына, алдыңғы қатарлы малшылар мен еңбекшілердің озат тәжірибелерін халық арасына кең таратуға көмектесіп жүр.

Әрбір сеанстың алдында көрсетілмеген кинофильм жөнінде өсірушілерге қысқаша түсінік беру Ә. Оразалин жолдасының әдетіне айналған. Моторист П.



бойдақ малдарды жайып семірту ісін ұйымдастырды. Етке тапсыру үшін 112 бас бойдақ мал бақташы А. Лупан, З. Федянин, М. Сабыржанов жолдастардың қарауына бекітіліп берілді. Малдардың салмақ қосуын ай сайын тексеріп отыру ұйымдастырылды. Малды жаю, суару жұмыстары белгілі жұмыс күні тәртібі бойынша жүргізіледі.

Малды жайып семірту өте тиімді екенін тәжірибе анық көрсетті. Малшы Сабыржанов, Федянин және Лупан жолдастардың қарауындағы бойдақ малдардың әрқайсысының айлық салмақ қосуы 40 килограмнан асып түсті. Бұл үшін бақташылардың әрқайсысы 300-ден 600-ге дейін еңбеккүн алды. Жайып семіртудегі малдарды ай сайын өлшен, еңбекті малдың салмақ қосуына қарай төлеу малшылардың еңбекке деген ынта-жігерін әлдеқайда арттыра түсті.

А. СУРАҒАНОВ.

сантиметр төмен үземін, немесе пышақпен кесіп аламын да, бұзауды жайлы

Ленин ауданы, «Түтін» колхозының сауыншысы.

## Мал шаруашылығының өнімі артуда

Көп жылдар бойына Стаханов атындағы колхоз Булаев ауданындағы шаруашылығы артта қалған колхоздардың бірі болып келді. Әсіресе мал шаруашылығынан табыс аз алынды. Сыйырлардан сауылған сүт мөлшері төмен болды. Тіпті сүт өнімі едәуір арттырылды деген 1953 жылдың өзінде әр сыйырдан 843 литр ғана сүт алынды.

СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысы жарыққа шыққаннан кейін колхозшылар мал басын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру жөнінде бірқатар ірі-ірі шаралар белгілен, оны жүзеге асыруға барлық күшті жұмылдырды. Осының негізінде мал шаруашылығының өнімдері күрт арта бастады.

Колхозда 1954 жылы орта есеппен әрбір сыйырдан сауылған сүт мөлшері 1262 литрге жетті. Ал үстіміздегі жылдың өткен 10 айы ішінде әрбір сыйырдан 1120 литр сүт алынды.

Мал басын төл есебінен көбейту ісі де жақсарды. Егер 1953 жылы әрбір 100 сыйырдан 44 бұзау алынып, аман өсірілсе, үстіміздегі жылы әрбір 100 сыйырдан алынған және шығынсыз өсіріліп отырған бұзау саны 93-ке жетті. Соңғы екі жылда мал шаруашылығының жалпы өнімі бұрынғысынан екі есеге жуық артты.

А. ЕСЕНОВ.

қатасын, жемнің қалыңдығын орындап шықпақ.

И. РЫБАНОВ.

## Комсомол-жаспар звенолары

Преснов ауданында комсомолдар мен одақта жоқ жастардан шөп шабатын арнаулы 47 звено ұйымдастырылған болатын. Ол звенолар бұл күндері қажырлы еңбек етіп, шөп шабу маусымында елеулі табыстарға ие болып келеді. Осындай комсомол-жастар звеносының бірі Преснов МТС-нің № 18 трактор бригадасының коллективі. Бригада құрамындағы комсомолдар Александр Берников, Степан Денисов және басқалары күніне 18 гектар орнына, 20—25 гектар жердің шөбін шауып, МТС коллективінің құрметіне бөленулі.

Б. МҰСТАФИН.

жұмысы үнемі график бойынша жүргізіледі. Жасалған графиктің орындалуын қадағалап отыратын Ә. Оразалин әрбір колхоз бен совхозға белгіленген уақытында келеді. Ол барған жерінде колхоз басқармасымен, партия ұйымымен келісе отырып, еңбек озаттары, мәдени тұрмыстағы басқа тақырыптар туралы киноплёнкаларға суреттер түсіріп, оны кинокартина басталмастан біраз бұрын эк-

текттерін тексеріп шығады. Осындай жұмыс істеуіне көңіл бөліп отырады. Сондықтан да бұл киноқондырма фильмдерді көрсету кезінде тоқтаусыз жұмыс істейді. Міне, осындай ұқыптылықпен еңбек етудің нәтижесінде Ә. Оразалин жолдас өзіне берілген тапсырманы ай сайын 120-125 процент орындайды.

Б. ЖАҚЫПОВ.

(Өз тілшіміз).

## Колхозшылар үй салуда

Ленин атындағы колхоздың (Преснов ауданы) колхозшылары саманнан өздеріне тұрғын үйлер салуда. Колхоз басқармасы өздеріне жекөменшік үй салушыларға көмек көрсетуде. Колхозшылар үй салу үшін алдымен жергілікті материалдан көптеген саман әзірледі.

Бізир колхозда 18 колхозшы жекөменшік тұрғын үйлер салуда. Енді аз күннен кейін бұл үйлер толық пайдалануға беріліп, колхозшылар өздерінің жаңа үйлеріне көшетін болады.

А. ҚАЗЫБАЕВ.

# Қой өсірушілердің маңызды міндеттері

Облысымыздың көптеген колхоздарының қой өсірушілері үстіміздегі жылы биязы жүнді қой өсіруде, жүн өнімін және оның сапасын арттыруда айтарлықтай табыстарға жетті. Мәселен, Кониюхов ауданы бойынша биязы жүн қырку мөлшері өткен жылмен салыстырғанда бытыл 100 центнер артты. Мемлекетке барлық тапсырылған жүннің 40 проценті биязы, 57 проценті биязылау жүн болды. Аудан мемлекетке жүн тапсырудың жоспарын толық орындап, мемлекеттік сатып алу орындарына 88 центнерден астам жүн сатты. Сөйтіп бүкіл аудан бойынша әрбір қойдан орта есеппен 2,78 килограмм жүн алынды. Бұл — өткен жылғыдан 300 грамм артық.

Қой шаруашылығын дамытуда Булаев ауданының колхоздары да елеулі табыстарға жетіп отыр. Мұнда төл алу, қойдың тұқымын асылдандыру жұмыстарының жақсаруымен бірге олардан алынатын жүн өнімі әлдеқайда молай түсті. Мемлекетке тапсырған жүннің 43,5 проценті биязы, 52,5 проценті биязылау жүн. Аудан бойынша орта есеппен әрбір қойдан алынған жүн 3,02 килограммға жетті. Ал жеке леген қой фермаларының көрсеткіші бұдан да жоғары.

Мысалға Доробин жолдас басқаратын «Красное знамя» колхозының (Булаев ауданы) товарлы-қой фермасын алуға болады. Мұнда үстіміздегі жылы әрбір қойдан орта есеппен 3,82 килограмм жүн қырқылды. Бұл — облыс бойынша ең жоғары көрсеткіш. Ферма әрбір 100 аналық қойдан 110 қозы алып, аман өсіріп кел-

ді. Үстіміздегі жылы колхоз тек қой фермаларынан ғана 250 мың сом табыс алды. Оның ішінде 181 мың сом мемлекетке жүн сатудан түсті.

Осы аудандары Буденный атындағы колхоздың аға шопаны З. Мақамбаев жолдас әрбір 100 саулықтан 114 қозы алып, аман өсіруде. Мұнда әрбір қойдан қырқылған жүн орта есеппен 4,1 килограммға жеткен.

Осы сыяқты Кониюхов ауданының «Красная крепость» колхозының қой фермалары да жоғары табысқа ие болып келеді. Олар үстіміздегі жылы қой шаруашылығынан 350 мың сом табыс түсіруді көздеп отыр. Мұның 251 мың 400 сом мемлекетке жүн сатудан алынады.

Жүн қырку жоспарын асыра орындап, қой шаруашылығын өркендетуде елеулі табыстарға жетіскені үшін Булаев және Кониюхов аудандарының 16 қой фермасының қызметкерлеріне 50 мың сом сыйлық берілді.

Алдыңғы қатарлы қой фермаларының жоғары табысқа ие болуы — қой тұқымын асылдандырудың, қой шаруашылығын өркендетуді мәдениеттендірудің, оған күтімді жақсартудың, тұрақты шопандар құрамын жасаудың және олардың мамандығын үздіксіз арттырып отырудың нәтижесі.

1952 жылдан бастап жүргізіле бастаған қойларды Алтай және басқа да асыл тұқымды қошқарлармен қолдан ұрықтандыру әдісі өзінің тиімділігін толық ақтады. Сондай-ақ қойды ерте ұрықтандыру, сүрлем және концентратты азық беру, малды іріктеу жұмыстарын тиянақты

жүргізу қойдың сапасын арттыруға, одан алынатын жүн өнімін молайтуға, қойдың қысыр қалуын кемітуге және қозының жақсы өсіп-жетілуіне үлкен әсер жасайтындығын анық көрсетті.

Облысымыздың озат шаруашылықтары бұл әдісті барлық жерде де қолдануға толық болатындығын анықтап отыр. Бұл облысымызда қой шаруашылығын оған әрі өркендетудің зор мүмкіншілігі барлығына толық дәлел.

Алайда, бірқатар аудандар мен колхоздарда қой шаруашылығына жеткілікті мән берілмей, бұл істі мүлдем бетімен жіберген. Оларда жүн өнімі өте аз, колхоздар шаруашылықтың бұл саласынан мардымсыз ғана табыс алады.

Мысалы, Приешім ауданының колхоздарында үстіміздегі жылы жүн алу мөлшері өткен жылғыдан 25 процент кеміп кетті. Сөйтіп мемлекетке жүн тапсыру жоспарын орындай алмады. Мұндағы жүннің сапасы да төмен болды. Мемлекетке өткізген жалпы жүннің 43 проценті ғана биязы және биязылау жүн. Аудан колхоздарында қой басы кеміп, талан-таража түсуде. Осы ауданның Приешім МТС-і қамтуындағы колхоздарда әрбір қойдан орта есеппен 1,38 килограмм ғана жүн алынды. Ал Куйбышев атындағы колхозда 900 грамм ғана жүн алынып отыр.

Қой шаруашылығын өркендету, мемлекетке жүн тапсыру ісі Мамлют, Октябрь және Преснов аудандарының колхоздарында да күрт төмендеп кетті.

Қой шаруашылығын жан-жақты өркендетуге үлкен мүмкіншілігі бар бірқатар

колхоздардың бұл іске жеткілікті мән бермей отырғандығын атап көрсету қажет. Мысалға Совет ауданының Совет және Сартомар МТС-тері қамтуындағы колхоздарды алайық. Бұл ауданда қой өте аз. Әрбір шаруашылыққа жарамды 100 гектар жерге 7 қойдан ғана келеді. Ал пайдаланудағы жерлері өте мол «Аралараш», «Красный полтавец», «Красное поле» және «Игілік» колхоздарында әрбір гектар жерге келетін қой мөлшері бұдан да кем. Пайдалануында 14 мың гектар шабындық, жайылымдық және егістік жерлері бар «Аралараш» колхозындағы қой саны қозыларды қоса есептегенде 502 бас ғана. Мұнда мемлекетке 447 килограмм ғана жүн тапсырылған, яғни әрбір қойдан орта есеппен 1,24 килограмм ғана жүн қырқылған. Өткен жылы колхоз қой шаруашылығынан небары 12 мың сом ғана табыс алды.

Мұның барлығы бірқатар аудандар мен колхоздарда қой шаруашылығын өркендету ісінің мардымсыз жүргізіліп келе жатқандығын, қойдың сапалылығын арттыру, биязы және биязылау жүнді мейлінше мол өндіру жөніндегі белгіленген шаралардың орындалмай қалу қаупі барлығын анық көрсетеді.

Амал не, бұл аудандардағы МТС-тердің директорлары мен мал мамандары және колхоз басқармалары бұл жағдайды жете зерттеп, қой фермаларының жұмысын жақсартуға бағытталған шараларды қолданбай келеді. Тіпті кейбір колхоздарда қой шаруашылығын өркендетуде залалды практикалар да орын алып отыр. Мысалы, Октябрь, Приешім, Преснов аудандарының көптеген колхоздарында қой бағудағы адамдарды «үнем» жасау мақсатымен шопан бригадаларының бірқатары заңсыз

тұқымдалған. Сөйтіп, отарлар жөнеуіне ұлғайтылып, ондағы қойдың саны 1000—1500-ге жеткен. Отарларда сақа қойлар мен жас қозылар және қошқарлар аралас бағылатын болған. Әрине, мұндай жағдайда қойдан алынатын өнім күрт кеміп кетеді. Олардың қоңы төмендейді. Міне бірқатар аудандарда қойды жазда жайып семірту ісінің осындай бұрмалануының салдарынан «Заготскот» базаларына қоңы төмен қойлар тапсырылуда.

Қой фермалары қызметкерлерінің алдында кәзір аса зор және ерекше жауапты міндет тұр. Олар қой шаруашылығын бұдан әрі жақсы өркендеуін қамтамасыз ету үшін қойды қолдан ұрықтандыру, күзем алу шауқандарын үгілі ұйымдастыра білулері керек.

Бұл міндеттердің табысты орындалуы үшін қойларды жазда жайып, бағу ісін жақсы ұйымдастыру қажет. Ол үшін қойлар жынысына, жасына және басқа белгілеріне қарай жеке-жеке отарлар мен топтарға бөлінуі тиіс. Оларға суы мол, құнарлы жайылымдарды бөліп, шопан бригадаларын толықтырып қойдың күтіміне бақылауды жақсарту қажет.

Қой шаруашылығын өркендетуде қойларды ерте — август, сентябрь айларында қолдан ұрықтандырудың маңызы ерекше зор. Солай бола тұрса да, Баян, Ново-Георгиев, Соколов және Торангүл МТС-терінің қамтуындағы колхоздар бұл науқанға дайындықты бетімен жіберіп отыр. Олар қолдан ұрықтандыру пункттерін іске дайындаудың, асыл тұқымды қошқарларды жемдеудің, арнаулы курстарда маман техниктер дайындаудың орнына, қошқарларды саулықтармен қосып жіберген.

Үстіміздегі жылы барлық колхоздарда қойлар қолдан ұрықтандырылуға тиіс.

Ол үшін асыл тұқымды қошқарлар жемге қойылып, қолдан ұрықтандыру пункттерін жөндеу тез аяқталуға тиіс. Жоғары өнімді қой алу үшін қойды қолдан ұрықтандыру науқанын ұқыпты ұйымдастыру қажет.

Күзем алу, малдәрігерлік - профилактикалық шараларды мұқият жүзеге асырумен қатар қойды жайып, бағу ісін жақсы ұйымдастырудың, оларды жемішпен, қоралармен қамтамасыз етудің мал қыстауды үгілі өткізудегі ерекше маңыздылығын ұмытуға болмайды. Қойды сүрлеммен азықтандыру, оның өнімділігіне ерекше әсер ететіні ескеріліп, үстіміздегі жылы әрбір қойға кемінде 3—5 центнер сүрлем дайындалуға тиіс.

Қой шаруашылығын жақсы дамытуда және ерте туған қозыны қабылдауда мал қораларын жеткілікті әзірлеудің маңызы ерекше зор. Қой өсірушілер малдәрігерлік-зоотехникалық ережелерді қатаң сақтап, қойлардың тығыз орналасуына жол бермеуге міндетті. Олар әрбір қой тұратын жер біржарым-екі шаршыметр болуы керектігін, саулық қойларды бір қораға 500—600 бастан артық орналастыруға болмайтындығын мұқият ескерулері керек.

Облысымыздың қой өсірушілерінің қой шаруашылығында елеулі табысқа жетіп, шаруашылық жылын жақсы аяқтау үшін партия және совет ұйымдары, МТС мамандары мен колхоз басқармалары оларға күнделікті және жан-жақты көмек көрсетіп отыруға тиіс.

В. ГМЫЗИН,

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бас зоотехнигі.



## Югославияда өнеркәсіптің өркендеу табыстары

СОП Орталық Комитетінің июль Пленумы Совет — Югославия келіссөздері туралы Н. С. Хрущев жолдастың баяндамасын талқылап, ол келіссөздерді мақұлдады.

Быйылғы жылғы майдың аяғы—июньнің бас кезінде болып өткен Совет — Югославия келіссөздері ССРО мен ЮФХР-дың (Югославия Федеративтік Халық Республикасының) арасында ізгі қатынастардың бұрын бұзылған кезеңін біржолата жойды. Екі елдің арасындағы қатынастарды оңдудың маңызды болатын тағы бір себебі—Берия мен Абакумовтың арандатушылық әрекетінің салдарынан 1948 жылдан кейін екі елдің арасында қолдан тудырылған жатсыншылық пен дұшпандық жағдай бейбітшілік ісінің жауларына ғана пайдалы болды.

Совет — Югославия келіссөздері бұл жағдайды түпкілікті жойып, екі елдің арасындағы достықтың дамуы үшін жол ашты. Бұл достықтың берік негізі бар.

Югославия өндіріс құралдары мен жабдықтарына қоғамдық меншік үстемдік ететін ел болып табылады. Республика өзінің ұлттық тәуелсіздігін сақтап, шетел капиталының өз экономикасына ену әрекетіне қарсы тұра алды. Югославияның негізгі таптары — жұмысшылар мен еңбекші шаруалар — өз елінде өздерінің мүдделеріне сай келетін прогрессивтік қайта құрылыстарды табандылықпен жүзеге асыруда.

Бұл қайта құрылыстар Югославияға игі жемістерін беріп отырғанын айтуымыз керек. Бұл Югославия өнеркәсібінің өркендеуінен ерекше айқын көрінеді.

Югославияның (дәлірек айтқанда кәзір ЮФХР-ға кіріп отырған елдердің — Сербияның, Македонияның, Словенияның, Хорватияның, Босния мен Герцеговина-ның, Черногорияның) өнеркәсіпті өркендету үшін баяғы заманнан бері зор табиғи байлықтары бар. Бірақ ол байлықтар өте жеткіліксіз пайдаланылып келді. Көмір, мұнай, су қуатының ресурстары, темір мен түсті металдар шығатын жерлер — міне осы байлықтардың бәрі Югославия халықтарына қызмет ете алмады. Егер бұл байлықтардың қайсыбір бөлеті пайдаланылып келген болса, көбінесе оларды шетелдік компаниялар пайдаланды.

Югославия халықтары өз тұрмысын дербес құру жолына түскеннен кейін жағдай басқаша қалыптасты.

Кәзіргі Югославияның территориясында 1939 жылы онға жуық азды-көпті ірі электр станциялары болды. Соғыстан кейінгі жылдарда, 1954 жылдың аяғындағы мәлімет бойынша, 23 жылдық, 28 су электр станциялары салынған. Сол электр станциялардың бірі — «Яблони-

заводы жыл сайын 600 мың тонна әртүрлі шынылар жасап шығаратын болады. Тек быйылғы жылы ғана Македонияда ірі 3 тоқыма фабрикасы пайдалануға берілді.

Фашистік басқыншыларға қарсы халық көтерілісінің 14 жылдығын жуырда ғана мерекелеп өткізген Хорватия, Босния мен Герцеговина халықтық республикаларында өнеркәсіпті соғыстан кейінгі уақытта өркендету табыстары басқалардан кем түспейді.

Хорватия Халықтық Республикасында жалпы өнеркәсіп өндірісі соғыстан кейінгі он жылда екі есе артты. Кәзір республикада бірқатар ірі электр станциялары, химия және тоқыма кәсіпорындары, «Сисак» ірі металлургия комбинаты бар. Осы комбинатты пайдалануға берумен байланысты Хорватия жыл сайын мұнда бұрынғы уақытта өндірілген 3,7 мың тоннаның орнына енді 120 мың тонна қара металл бере бастады. Республикада мұнай өндіру жұмысы ұйымдастырылды. Кеме жасау өнеркәсібі құрылды. Алюминий комбинаты қатарға қосылды. Халық көтерілісінің он төрт жылдығын мерекелеу күндерінде Югославия баспасөзі, Хорватия индустриалдық өркендету жолымен сенімді түрде алға басып келеді және бүкіл Югославияның экономикалық прогресін қамтамасыз етуде маңызды роль атқарып отыр деп атап көрсетті.

Босния мен Герцеговина халықтық республикасының өнеркәсіп прогресінің маңызы өте зор. Бұл республикада темір рудасын шығару, соғысқа дейінгімен салыстырғанда төрт есе, ал көмір өндіру үш есе артты. Республикада шойын, болат, прокат өндіріледі. Соңғы он жылда металлургия өнеркәсібінің өнімін шығару Босния мен Герцеговинада төрт есе артты. Республикада қуатты металлургия комбинаты салынып жатыр, ол жыл сайын 800 мың тонна болат және 570 мың тонна прокат беретін болады. Ағаш байлықтары кең пайдаланылуда, химия кәсіпорындары салынуда. Босния мен Герцеговина жуық арада, Югославияның «Экономска политика» журналының шамалауына, алдыңғы қатарлы индустриалды республика болады.

Югославия федеративтік республикалары өнеркәсібінің тез өркендеуі бұл республикалардың ауыл шаруашылығының өрге басып, экспорттың өсуін, мәдени прогресін, еңбекшілердің материалдық жағдайының жақсаруын қамтамасыз етеді.

Ауыл шаруашылығының кәзіргі заманғы машиналармен жабдықталуының өсуі оның өнімділігінің артуына себеп болады. Экспорттың сыйпаты мықтап өзгерді: Югославияның тек шикізат пен жартылай фабрикаттарды шетке шығаратын



Варшава. Жастар мен студенттердің бейбітшілік пен достық жолындағы Бүкіл дүниежүзілік фестивалінде. СУРЕТТЕ: ССРО жастарының делегациясы Онжылдық стадионында.

(ТАСС-тың фотохроникасы).

## Жастар мен студенттердің Бүкіл дүниежүзілік V фестивалінде

ВАРШАВА, 2 август. (ТАСС). Бүгін фестивальда—үлкен салтанат күні. Поляк өскерлерінің стадионында спорт ойындары болды. Фестивальдің значогін алу жарыстары, халықаралық мәдениет жарыстары өткізілуде, әртүрлі көрмелер, кинофестиваль ашылуда, концерттер, әртүрлі елдерден келген жастар делегацияларының көптеген кездесулері өткізілуде. Көркем-өнерпаздар коллективтерінің өнерлері, тағы басқалары көрсетілуде.

Таңертеңгі сағат 10-да фестивальға қатысушылардың арасында жас француздардың үлкен тобы совет жастарының делегациясына қонаққа келді.

Қонақтар шын жүрекпен қарсы алынды. Совет Одағының жас жігіттері мен қыздары—орыстар, украиндар, белорустар, грузиндер, қазақтар, эстондар, азербайжанлар және басқа совет республикаларынан келген жастар өздерінің француз достарын жылы шығраймен құттықтады. Значоктер, ашық хаттар, адресстер алысу басталды. Орыс және француз тілдерінде сәлемдескен достық сөздер естілуде. Совет жастары қонақтар үшін үлкен концерт ұйымдастырды. Жас совет бишілерінің, әншілерінің, музыканттарының көрсеткен

өнерлеріне ду қолшанапалаталды, оларды құттықтаған ұрандар айтылды.

Жас француз жігіттері мен қыздары совет делегаттарына Совет Одағының жастарына арналған хаттар тапсырды.

Дәл бүгін совет делегациясының бір бөлігі поляк жастарында қонақта болды. Туысқан екі халықтың жас өкілдерінің кездесуі асқан достық жағдайында өтті.

И. В. Сталин атындағы мәдениет және ғылым сарайының залдарында жастардың тұрмысына арналған халықаралық үлкен көрме, демократияшыл жастардың Бүкіл дүниежүзілік федерациясының он жылдығына арналған көрме, сонымен қатар халықаралық студенттер одағының көрмесі ашылды.

ВАРШАВА, 2 август. (ТАСС). Жастар мен студенттердің бейбітшілік және достық жолындағы Бүкіл дүниежүзілік V фестивалінде түстен кейін әртүрлі көпшілік шаралары оған әрі жүргізілді.

Варшаваның концерт залдарында әншілердің, пианисттердің, скрипкашылардың, классиктік және халықтық билерді орындаушылардың, музыка және театр искусствосының басқа да өкілдерінің конкурстары өткізілді. Поляк жұртшылығы мен фестивальдың көптеген қатысушылары алдында әртүрлі елдердің жастары жер

ген өкілдер өнерлерін көрсетті. Эстрада-ларда Қытайдың, Германияның, Францияның, Австрияның, Испанияның, Венгрияның, Монгол Халық Республикасының және басқа көптеген елдердің көркемөнерпаздар топтарының концерттері ұйымдастырылып, әншілері көрсетілді. Темір Брама алаңында циркте ойнайтын жас совет артистерінің алғашқы ойындары болды. Бүкіл күн бойы жеке делегациялардың арасында көптеген жылы шығайлы достық кездесулер өткізілді.

Варшавада және Польшаның басқа да қалаларында әртүрлі елдердің жастар командаларының футбол жөніндегі кездесулері өткізілді. Жарыстың бұл түріне 27 елден небары 46 команда қатысуда.

Волейбол жөніндегі жарыстар басталып, оған 26 елден келген 56 команда, соның ішінде Совет Одағының қыздар командасы қатысуда.

Көпшілікте поляк астанасының театрларында бірқатар елдердің көркемөнерпаздар топтарының концерттері болды. Мәдениет және ғылым сарайының 3500-ден аса адам сыятын конгрестер залында Совет Одағының көркемөнерпаздар коллективтерінің артистері үлкен программа бойынша концерт берді.

## АҚШ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ КУБАНЬДА БОЛУЫ

КУРГАННАЯ СТАНИЦАСЫ. (Краснодар өлкесі). 3 август. (ТАСС-тың арнаулы тілшісі). Американ ауылшаруашылық делегациясы Кубаньның колхоздарымен, совхоздарымен, МТС-терімен және ғылыми-зерттеу мекемелерімен бесінші күн танысып жүр.

Қонақтар «Кубань» колхозында болды, бұл колхоздың председатели П. Н. Свечников кәзіргі уақытта совет ауылшаруашылық делегациясының құрамында Америка Құрама Штаттарында жүр. Қонақтар Курганск ауданындағы Сталин атындағы, «Маяк революции», Ленин атындағы колхоздармен ерекше толық танысты. Делегация мүшелері мол өнімді жүгері, күнбағыс, зығыр, майкене егудаласын түгелімен ұнатты. Қонақтар колхоздарға жұмысқа жарайтындардың саны туралы, олардың табысы туралы, жер көлемі туралы, құрылыс, колхоздың табыстары мен мемлекет алдында өтейтін есебі туралы, қоғамдық шаруашылықты оған әрі дамытудың перспективалары туралы мәліметтерді егжей-тегжейлеп сұрап, өздерінің жазу кітапшаларына жазып алды.

Ленин атындағы колхозда делегация мүшелері Михайлов МТС-нің тек осы бір шаруашылыққа ғана қызмет ететініне назар аударды. Ауданда тағы да осындай артель бар ма деген сұраққа колхоз председатели М. Е. Анненков осы тәртіпті мысалдарды келтіріп, іріленген көп салалы шаруашылықтың артықшылықтары туралы айтты.

«Маяк революции» колхозында делегация мүшелерінің назарын көп нәрселер өзіне тартты. Қонақтар бұл колхозда механикаландырылған малшаруашылық фермаларын ерекше мұқият аралап көрді, шошқа бордақылтайтын пушкетерде ұзақ уақыт кідірді, салмағы 250—300 килограмм шошқаларды суретке түсірді. Фермер Джеккобс бүкіл делегацияның атына «Маяк революции» артеінің колхозшыларына былай деді: «Біз сіздерде көптеген жақсы нәрсені көрдік. Кубаньда және, атап айтқанда, сіздің ауданда тамаша совет фермалары бар екен».

Мұнымен бірге делегация мүшелері колхозшыларға өздерінің сын ескертпелерін білдіріп, шаруашылықты қайткенде өте пайдалы жүргізу жөнінде кеңестер берді. Әр штаттан келген фермерлер, Кубань малшыларының табыстары елеулі белганына қарамастан, колхоз фермаларында жұмысшы күші әрдайым да өнімді пайдалана бермейді деп санайды.

—Сіздердің барлық жұмысыңыз да, кең құлаш сермеген, деді қонақтар, — жақсы, тартымды нәрселер көп, бірақ



кәзірдің өзінде-ақ пайдалануға берілді, ол жылына 717 миллион киловат-сағат қуат өндіретін болады. Жалпы электр қуатын өндіру соғысқа дейінгімен салыстырғанда үш есе артты.

Югославия Республикасы көмір мен мұнай өндіруді, кокс, болат шығаруды ойдарғандай ұйымдастырды. Югославия баспасөзі, атап айтқанда «Экономска политика» журналы республиканың индустриалдық өркендеуі туралы өте қызығалық мәліметтер жариялады.

Жалпы көмір өндіру өткен жылдың аяғында 13.645 мың тоннаға жетіп, 1939 жылдардан екі есе артық болды. Ескі Югославияда кокс өндіру атымен жоқ еді, ал кәзір республика 400 мың тоннадан аса кокс өндіріп отыр. Бұрынғы уақытта Югославияның мұнай байлықтары өте аз өңделген еді, кәзіргі уақытта мұнай өндірісі жыл сайын артуда; Югославияда өткен жылы ғана 210 мың тоннадан аса мұнай өндірілді. Болат өндіру үш есе артты, кәзір Югославиядағылардың өзімізде күшті металлургия өнеркәсібіміз бар деп айтуына толық дәлелі бар. Югославияда болат өндіру өткен жылдың өзінде-ақ 616 мың тоннаға жетті.

Энергетика және металлургия өнеркәсібінің өркендеуі Югославия халықтарына машина жасау ісінде елеулі табысқа жетуге мүмкіндік берді. Кәзір бұл ел металл және ағаш өңдеуге арналған әртүрлі машиналар, металлургия өндірісі мен құрылысқа арналған машиналар мен станоктар, ауылшаруашылық машиналары мен құралдарын, тракторлар, товар вагондарын, жүк автомобильдерін және тағы соңлайларды жасап шығарады.

Елдегі өнеркәсіптің осы жалпы өркендеуімен салыстырғанда ЮФХР-ға кіретін жеке республикалардың табыстары өзіне ерекше назар аудартады.

Мәселен, Македонияны алып қарайық. Бұл —бұрынғы уақытта өнеркәсіп жөнінен өте артта қалған аудан еді. Ал кәзір Македония халықтық республикасында өркендеген химия, цемент, шыны және тоқыма өнеркәсібі салалары жасалды.

«Югохром» химия комбинаты тау уақытта жыл сайын 5 миллиард динарлық өнім шығаратын болады, ал Скопьедегі құрылысы аяқталып келе жатқан шыны

машиналар, құрал-жабдықтар, теңіз және өзен кемелерін, электр аппаратураларын шетке шығарып отыр.

Республиканың мәдени жағынан өсуін сыйпаттау үшін мынадай цифрларды еске түсірудің өзі де жеткілікті болады: соғысқа дейін Югославияда 9 мыңға жуық бастауыш және жетіжылдық мектеп, 205 гимназия және жоғары оқу орындарының 23 факультеті болған еді. 1953—1954 оқу жылында бастауыш және жетіжылдық мектептердің саны 14 мыңға жуық, гимназиялар 606-ға жуық, жоғары оқу орындарындағы факультеттер 55-ке жуық артты. Студенттер саны 17 мыңнан 47 мыңға дейін өсті.

Белградтағы «Индекс» журналында жарияланған статистикалық мәліметтерге қарағанда, елдегі өнеркәсіп өндірісінің жалпы индексі быйғылғы жылы бес айда өткен жылдың осы уақытындағы индекспен салыстырғанда 23 процент артты. Осы уақыттың ішінде кара металлургия өнімі 45 процент, химия өнеркәсібінің өнімі 43, тоқыма өнеркәсібінің өнімі 26, тамақ өнеркәсібінің өнімі 27 процент артты.

Әлбетте, шексіз және зор жетістіктермен қатар Югославия экономикасында бірқатар елеулі кемшіліктер де бар. Осы кемшіліктер туралы айта келіп, ЮФХР президенті Броз-Тито Хорватияда халық көтерілісінің 14 жылдығына арналған жыйналыста сөйлеген сөзінде өнеркәсіп орындарын шикізатпен және электр қуатымен қамтамасыз етудің қиыншылықтарын ерекше атап көрсетті. Бұл қиыншылықтар, алайда, елдің өнеркәсібінің өсуімен, солай болғандықтан, оның экономикалық прогресімен байланысты болып отыр.

Югославияның экономикалық жағынан өркендеу сыйпаты бойынша алып қарағанда, ауыр өнеркәсіптің өсуі оның негізі болып табылады, мұның өзі, жұртқа мәлім болып отырғандай, өндіріс құралдары мен жабдықтарына қоғамдық меншік үстемдік етіп отырған жағдайда жалпы экономикалық прогрестің және еңбекшілердің материалдық жағдайын жақсартудың басты қайнар бұлағы болып табылады.

**П. НИКИТОВ.**

## ССРО, халықтық демократия елдері және АҚШ арасындағы сауда

НЬЮ-ЙОРК, (ТАСС). Юнайтед Пресс агенттігінің хабарлауына, АҚШ сауда министрі Уикс Құрама Штаттардың ССРО-мен және халықтық демократия елдерімен саудасы «баяу ұлғайып келеді» деп мәлімдеген.

Уикс былай деп көрсеткен: АҚШ-тың ССРО-ға және еуропалық халықтық демократия елдеріне экспорты 1955 жыл-

дың бірінші тоқсанында, 1954 жылдың тиісті кезіндегі 1.253 мың доллармен салыстырғанда, 1.615 мың доллар болды.

Ал АҚШ-тың осы елдерден алған импорты да, деп хабарлаған Уикс, 1955 жылдың бірінші тоқсанында артып, 1954 жылдың бірінші тоқсанындағы 9.205 мың доллармен салыстырғанда, 12.746 мың долларға жетті.

ВАРШАВА, 3 август. (ТАСС). Жастар мен студенттердің Бүкіл дүниежүзілік V фестивалінде кешегі күнгі қызықты оқығға совет делегациясының көркем өнерпаздар тобының И. В. Сталин атындағы мәдениет және ғылым сарайында берілген концерті болды.

Конгрестердің еңсәлі кең залына Варшава жұртшылығының және әртүрлі елдерден келген жастар делегацияларының көптеген өкілдері жыйналды.

Концертте Польшаның Біріккен жұмысшы партиясының бірінші секретары Б. Берут, Мемлекеттік советтің председа-

## ССРО-мен сауданы ұлғайту үшін

НЬЮ-ЙОРК, 3 август. (ТАСС). «Экспорт трейд энд шиппер» журналы хабарлар басты, бұл хабарлар Англия мен Жапонияда Совет Одағымен және Қытаймен сауда жасасуға ынталанған талаптың артып отырғанын көрсетеді.

Лондоннан алынған хабарда журнал былай деп көрсеткен: дизельдер мен электрогенератор қондырғыларының экспорты жөніндегі ең ірі ағылшын фирмасының директоры Майлс Бивор жуырда: Қытай «біздер үшін орасан зор мүмкіндіктері бар рынок болып табылады» деп мәлімдеген. Бивор Қытаймен арадағы саудаға қойылып отырған кәзіргі шектерді жоюға шақырған.

Бивор ССРО-ның Англиядан сатып алған товарлардың құнын жедел төлеп отырғаны үшін Совет Одағын мақтаран. Ол және былай деген: «Висло мен Қытай теңізі аралығында орналасқан орасан зор территорияның, дүние жүзі атом соғысы мен сутегі бомбасының қауіпінен қутылып, сауда мен бейбітшілік жолына қайта түсетін болып отырған жағдайда ағылшын экспорты үшін пайдалы рынок бола алмайтындай ешқандай негіздер жоқ».

Токиодан алынған хабарда журнал былай деп жазған: Жапония мен коммунистік елдер арасында сауданы ұлғайту перспективасы жапон экономикалық топтарында барған сайын еселеген маңызды роль атқаруда». Қолда бар мәліметтер бойынша, деп көрсеткен журнал, құрамында 40—50 адам болатын жапон сауда делегациясы Пекинге барады, ал сауданы дамытуға көмектесуге жапон ассоциациясы ҚХР-ге делегация жіберу, сонымен қатар ГДР мен Чехословакиядан сауда өкілдерін шақыру ниетін көздеуде.

тегі А. Завадский, Министрлер Советінің председатели Ю. Циракевич, Польшаның Біріккен жұмысшы партиясының Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшелері, Мемлекеттік совет пен үкметтің мүшелері, ССРО-ның Польшадағы Елшісі П. К. Пономаренко, бірқатар дипломатиялық өкілдіктердің басшылары, жергілікті және шетел баспасөзінің көптеген өкілдері болды.

Ленинград қаласы студенттерінің хоры, Москва қаласының жастар оркестрі, УССР халық биінің жастар ансамблі, Белорусс жастарының хоры, ССРО Үлкен

театры балетінің бір топ артистері, Грузия мен Азербайжанның бишілер коллективтері, Пятницкий атындағы хордың жастар тобы және басқа көркемөнерпаздар коллективтері, сонымен қатар жас совет солдестері жыйнақтардың алдында өздерінің өнерлерін зор табыспен көрсетті.

Әрбір номердің орындалуына жерушілер ду қолшанапалақтады. Концерт демократияшы жастардың гимнін айтумен аяқталды, оны концертке қатысушылармен бірге жыйналғандардың бәрі қосыла жырлады.

## Классикалық хирургия мәселелері жөніндегі халықаралық конгрестің ашылуы

СТОКГОЛЬМ, 3 август. (ТАСС). Кеше Стокгольмде классикалық хирургия мәселелері жөніндегі бірінші халықаралық конгресс жұмысын бастады. Конгрестің жұмысына 42 елден 300 өкіл, соның ішінде Совет ғалымдары Н. Н. Блохин, А. А. Вишневский және Б. А. Петров қатысуда.

Конгресс жұмысының басталуымен байланысты фин ғалымы Пер Аллан былай деп мәлімдеді: біз дүние жүзінің

классикалық хирургиясы саласында мамандар арасында тікелей байланыс орнатуды ерекше маңызды деп санаймыз. Сондықтан тәжірибе алысудың, түрлі әдістерді талқылаудың, сонымен қатар, мүмкіндігінше, өз жұмысымызды сәйкестендірудің зор маңызы бар.

Конгресте 100-ден аса ғылыми баяндама тыңдалады, бұлардың көпшілігі күйіктен болған жарахаттарға және оларды емдеу әдістеріне арналады.

## СУМЕН ҚАМТУ ЖҮЙЕЛЕРІНДЕ ЖӘНЕ КӨПШІЛІКТІҢ ПАЙДАЛАНУЫНДАҒЫ СУАТТАРДА ТАЗАЛЫҚ САҚТАУ ТУРАЛЫ

Еңбекшілер депутаттарының Петропавл қалалық Совет аткомінің 1955 жылғы 16 июльдегі № 5 міндетті қарары

Сумен қамту жүйелерінде және көпшіліктің пайдалануындағы суаттарда тазалық сақтау ісін күшейту мақсатымен қалалық Совет аткомі қаулы етті:

1. Есіл өзеніндегі су проводы ауданында тас плотинадан бастап ағаш көпірге дейін және көпірден бастап судың ағысына қарсы бір километр жерде қатаң тазалық сақтау тәртібінің зонасы тағайындалсын.

2. Есіл өзеніндегі қатаң тазалық сақтау тәртібінің зонасында және «Пестрое» көлінде қаладағы кәсіпорындарының, мекемелердің және жеке азаматтардың мал суаруына, автомашиналар мен механизмдерді жууына және суды ластайтын басқа да әрекеттер істеуіне тыйым салынсын.

3. Қаладағы кәсіпорындары мен мекемелердің пайдаланылған және ағызылатын суларды Есіл өзеніне ағызып жіберуіне жол берілмесін.

4. Осы міндетті қарарды бұрмалаған айыпты адамдар әкімшілік жолмен жауапқа тартылып, оларға 100 сом мөлшерінде айып салынсын немесе 1 ай мерзімге еңбек түзеу жұмысына жіберілсін.

Қалалық милиция бөлімдерінің бастықтарына айыпты адамдарды сол жердің өзінде жауапқа тартуларына, сөйтіп 10 сомға дейін айып салуларына, егер бұл айыпты төлеуден бас тартса 5 күнге дейін қара жұмысқа жіберуге право берілсін.

5. Осы міндетті қарардың орындалуын бақылап отыру милиция органдарына, қалалық санитарлық эпидемиологиялық шаруашылыққа және автоинспекцияға жүктелсін.

6. Осы міндетті қарар баспасөзде жарияланғаннан кейін 15 күннен соң күшіне кіреді және Петропавл қаласының жерінде екі жыл бойына күшінде болады.

Еңбекшілер депутаттарының қалалық Совет аткомінің председатели **М. ВОТЯКОВ,**

Еңбекшілер депутаттарының қалалық Совет аткомінің секретары **П. ИВАНЦОВ.**

табысты көбірек алуға ұмтылу керек.

Бәзір Американың делегациясы Дондағы Ростовқа баратын жол бойында, онда өздерінің қалауы бойынша тағы да Кубаның бірнеше колхоздары мен совхоздарын көрмекші.

## СОВЕТ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ АҚШ-ТА БОЛУЫ

АБЕРДИН, (Оңтүстік Дакота штаты), 3 август. (ТАСС). Кеше совет ауылшаруашылық делегациясы ұзақ жол жүрді. Ол дөңді егістер аймағына барып, АҚШ-тың ірі фермаларындағы бидай жыйнау әдістерімен танысу үшін Оңтүстік Дакота штатын Оңтүстік пен Солтүстікке дейін түрелінен дерлік аралап өтті.

Совет делегациясы келген Спинья графствосында егін жыйналып болған өкен. Бірақ бірнеше фермер өздерінің дөңді егін жыйнау әдістерін қонақтарға көрсету үшін шағын участоктерді жыйнамай қалдырған. Совет делегаттары америка фермерлерінде қонақта болып, ССРО мен АҚШ-та қолданылып отырған дөңді егін жыйнауының әдістері, егіннің арампөштері мен зиянды жәндіктеріне қарсы күресу фактілері жөнінде олармен пікірлер алысты.

Редактордың міндетін уақытша атқарушы **С. ТЕМІРХАНОВ.**

## КИНОЛАРДА

«ОКТАБРЬ» кинотеатрында

«ПОЛК БАЛАСЫ»

Сеанс кешкі сағат 5-те басталады.

## АЗАМАТТАРДЫҢ ЕСІНЕ

Мемлекеттік хауіпсіздендіру инспекциясы және Мемлекеттік хауіпсіздендіру агенттері үй мүліктерін ерікті түрде хауіпсіздендіру жөнінде шарт жасасады. Ерікті түрде төмендегідей үй мүліктерін: мебельдерді, киім-кешектерді, суреттерді, велосипедтерді, іс машиналарын, музыка аспаптарын, кітаптарды, ноталарды, сол сыяқты ауылшаруашылық өнімдерін, құрылыс материалдарын және басқа да заттарды хауіпсіздендіруге болады.

Мемлекеттік хауіпсіздендіру өрттен және кездейсоқ апаттардан болған шығынның құнын төлейді.

Ерікті түрде үй мүліктерін хауіпсіздендіру үшін Петропавл қаласында 8-74 телефон арқылы Мемлекеттік хауіпсіздендіру агенттері мен инспекторлары шарт жасасу үшін үйге шақыруға да болады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 01689.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі 21-үй.